

ЛЕНИН ТУЫ

ҚАЗАҚСТАН КП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ, ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТТЕРІНІҢ ЖӘНЕ ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

№ 158 (9735)

1955 жылғы

10

август

Сәрсенбі

Шығуына 36 жыл.
жеке саны 20 тыйын.

БҮГІНГІ НОМЕРДЕ:

ҚАЗАҚСТАН КОММУНИСТІК ПАРТИЯ-СЫ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ПЛЕНУМЫ ТУРАЛЫ ИНФОРМАЦИЯЛЫҚ ХАБАР (1-бет).

Қазақстан Коммунистік партиясының кезекті VIII съезін шақыру туралы (1-бет).

Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінде (1-бет).

ЕЛІМІЗДІҢ ЕҢБЕКШІЛЕРІ СОВЕТ ҮКІМЕТІНІҢ СЫРТҚЫ САЯСАТЫН ҚЫЗУ

ҚОЛДАУДА: ССРО Жоғарғы Советі бүкіл совет халқының ой-пікірін білдірді. Халықтар арасында бейбітшілік және достық болу үшін. Бейбітшілік ісін еңбегімізбен нығайта береміз (1-бет).

Егін жыйнау және астық дайындау кезіндегі бұқаралық-саяси жұмыстың дәрежесі жоғары болсын (2-бет).

В. Шутой. —Творчестволық марксизмнің классикалық шығармасы (2-3-беттер).

С. Қажымов. —Қызыл-Корнеевка автомобиль жолы құрылысында (2-бет).

М. Рамазанов. —Село көркемөнер дарындарына қамқорлықты күшейте берейік (3-бет).

Ә. Мұсаханов. —Құрметті ұстаз (4-бет). Президент Эйзенхауэрде болған баспасөз конференциясы (4-бет).

Э. Фордың ұлттық жыйналыстағы мәлімдемесі (4-бет).

Шетел хабарлары (4-бет).

АУЫЛ-СЕЛОЛАРДЫ КӨРКЕЙТЕ БЕРЕЙІК

Коммунистік партия мен Совет Үкметінің күнбе-күнгі басшылығы арқасында колхоз шаруашылығы өркендеп, өрге басуда. Олар жыл сайын өздерінің егістік алаңдарын тың жерлер есебінен кеңейтіп, одан мол өнім алуда. Колхоздардың егін шаруашылығы мен мал шаруашылығынан түскен табыстары колхоз байлығын оған әрі молайта түсуде. Мұның өзі колхозшылардың материалдық әл-ауқатын жақсартып, колхозды деревняларда мәдени құрылысты және тұрғын үйлерді көптеп салуға мүмкіндік беруде.

Кәзір байлығы молайған колхоздар, әл-ауқаты жақсарған колхозшылар ауыл-селоны көркейтуді, колхозды деревняның мәдениетін көтеруді көбірек ойлайтын болды. Колхоздар шаруашылыққа қажетті құрылыстармен бірге, ауыл-селоардағы мәдениет ошақтарын салуға қаржы бөліп, құрылыс жұмыстарын қызу қарқымен жүргізе бастады.

Өткен жылы Қостанай облысы Тарап ауданының колхозшылары колхоз қаржысында, өздерінің күшімен жергілікті құрылыс материалдарын кеңінен пайдалана отырып, мәдениет ошақтарын салуды ұйғарғанды. Облысымыздың колхоздары тараптықтардың бастамасын кезінде қызу қуаттап, оны колхозшылардың жалпы жыйналыстарында, ауылдық, селолық Советтердің сессияларында кеңінен талқылаған болатын. Мұндай жыйналыстарда колхозшылар колхоздарда мәдени ошақтарын салуға қаржы босатып, жергілікті материалды пайдалану арқылы құрылыс жұмыстарын тез аяқтауды ұйғарған еді. Міне, содан бері біраз уақыт өтті. Осы уақыттың ішінде бірқатар мәдениет ошақтары және көптеген тұрғын үйлер құрылысы аяқталып, олар пайдалануға берілді.

Ауыл-селоарды көркейту ісімен шұғылдану—ауылдық, селолық Советтердің күнбе-күн көңіл бөлетін мәселесі. Облысымыздың бірқатар жергілікті Советтері мұны жете ескеріп, өздерінің депутаттары мен активтері арқылы ауыл-селоардағы мәдениет ошақтары құрылысының тез аяқталып, пайдалануға берілуіне

Сондай-ақ, Октябрь аудандық Советінің селоны көркейту жөніндегі тұрақты комиссиясының инициативасы бойынша Марьевка селосын қалғандыру, көшелерді түзеу, үйлерді номерлеу, моншаны жөндеу, кеңейту жөнінде бірқатар жұмыстар істелді.

Жергілікті Советтердің сайлауынан бергі күндерде облысымызда көптеген ауыл-село еңбекшілері жаңа пәтерлерге шықты. 19 елді пункттің парктері қалғандырылып, тәртіпке келтірілді. Кәзір Булаево селосында кинотеатр, электр станциясын салу, облысымыздың басқа елді пункттерінде жаңадан құдықтар мен котлаван қазу, ауыл-селоардың көшелерін жөндеу жұмыстары кең көлемде жүргізілуде.

Кәзіргі талап ауыл-селоарды көркейтп, ауыл шаруашылығы еңбекшілерінің мәдениеті дем алуына қолайлы жағдай туғызуды қажет етіп отырғанына қарамастан, облысымыздың бірқатар колхоз, совхоздарында мәдени ошақтарын салу жұмысы қанағаттанғысыз жүргізілуде. Мұның негізгі себебі жергілікті партия, совет ұйымдарының және шаруашылық басшыларының елді пункттерді көркейтуге жете назар аудармауынан туып отыр. Көптеген жергілікті совет ағдамдері әлі де болса еңбекшілердің қажеттерін ескеру, олардың тілек мүдделеріне үнемі құлақ асып отыру, ауыл-село мәдениетін көтеру, жаңадан мәдениет ошақтарын салу, бұл жұмысқа бұқараны жаншай жұмылдыру ісімен оқта-текте ғана шұғылданады.

Жергілікті Советтердің сайлауы алдында сайлаушылар депутаттыққа кандидаттармен кездесу жыйналыстарында оларға ауыл-селоарды көркейту, жаңадан мәдениет ошақтарын салу, тұрғын үйлер құрылысын жеделдету жөнінде аманаттар тапсырған еді. Алайда, сайлаушылардың есі аманаттары бірқатар ауылдық-село-лық Советтерде қанағаттанғысыз орындалуда.

Полудень ауданындағы Тоқшын селосының сайлаушылары селолық Советтің депутаттарына жаңадан клуб үйін салу тап-

Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің Пленумы туралы ИНФОРМАЦИЯЛЫҚ ХАБАР

2—6 августа Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің бесінші Пленумы болды.

Пленум мынадай мәселелерді талқылады. 1. СОКП Орталық Комитеті июль Пленумының «Өнеркәсіпті оған әрі өрге бастыру, техникалық прогресс және өндірісті ұйымдастыруды жақсарту жөніндегі міндеттер туралы» қаулысын орындаудағы Республика партия ұйымының міндеттері туралы Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің секретары Л. И. Брежнев жолдастың баяндамасы.

2. Республиканың колхоздары мен совхоздарында көктемгі егістің қорытындылары, егін жыйнауды, ауылшаруашылық өнімдерін дайындауды, зябь жыртуды өткізу және мал қыстатуға әзірлік туралы Қазақ ССР Министрлер Советінің Председателі Д. А. Қонаев жолдастың баяндамасы.

3. СОКП Орталық Комитеті июль Пленумының «Совет-Югославия келіссөздерінің қорытындылары туралы Совет Үкмет делегациясының баяндамасы бойынша» қаулысы туралы.

Бұл мәселе жөнінде Қазақстан Коммунистік Партиясы Орталық Комитетінің секретары Л. И. Брежнев жолдас хабарлады.

4. Қазақстан Коммунистік партиясының кезекті сегізінші съезін шақыру туралы.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша жарыс-сөзде мыналар сөйледі: Қазақстан КП Қарағанды облыстық комитетінің секретары С. Я. Яковлев, Шығыс Қазақстан облыстық партия комитетінің секретары Ф. Ш. Қаржаубаев, Шымкент қорғасын заводының директоры К. М. Симаков, Алматы облыстық партия комитетінің секретары О. С. Шпаков, Текелі қорғасын-мырыш комбинатының директоры В. К. Паршинцев. Балқаш қалалық партия комитетінің секретары Д. А. Бураков, «Қазақстанмұнай» бірлестігінің бастығы С. А. Өтебаев, Азық-түлік товарлары өнеркәсібінің министрі Г. С. Галайдин, Ақтөбе облыстық партия комитетінің секретары П. И. Дэльвин, Қазақстан КП Орталық Комитетінің секретары Ы. Т. Тәжиев, Қостанай облыстық партия комитетінің секретары И. П. Храмов, Ет және Сүт тағамдары өнеркәсібінің министрі А. Д. Гарагаш, Қарағанды қалалық партия комитетінің секретары И. Е. Шмельков, Түсті металлургия министрі А. И. Самохвалов, Павлодар облыстық партия комитетінің секретары И. И. Афанов, Қазақ ССР Ғылым академиясының президенті Қ. И. Сәтпаев, Гурьев облыстық партия комитетінің секретары С. Нольмбетов, Министрлер Советі Председателінің орынбасары С. Ф.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша жарыс-сөзде мыналар сөйледі: Ақмола облыстық партия комитетінің секретары Н. И. Журиң, Шығыс Қазақстан облыстық атқару комитетінің председателі Е. Б. Тайбеков, Көкшетау облыстық совхоздар басқармасының бастығы Е. С. Смирнов, Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің секретары А. Я. Попадью, Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының председателі Ж. А. Тәшенов, Талдықорған облыстық партия комитетінің секретары Ш. Қарсыбаев, Қазақ ССР ауыл шаруашылығы министрі Г. А. Мельник, Ильич аудандық партия комитетінің секретары З. Е. Ескендіров, Көкшетау облыстық атқару комитетінің председателі Д. Д. Рохманюк, Қазақстан КП Орталық Комитетінің секретары Ф. К. Кәрібжанов, Жуалы аудандық партия комитетінің секретары А. М. Зинин, Қазақ ССР совхоздар министрі Н. Г. Родинец, Қазақстан КП Орталық Комитетінің секретары Қ. У. Оспанов, Ақтөбе облыстық атқару комитетінің председателі А. К. Недилько, ССР Одағы дайындау министрлігінің Қазақ ССР-ы бойынша өкілі А. М. Бородин, Павлодар облыстық атқару комитетінің председателі А. И. Мәмбетов, Автомобиль транспорты және тас жолдар министрі Л. Г. Жуков, Қазақстан КП Орталық Комитетінің секретары Л. И. Брежнев жолдастар.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша жарыс-сөзде мыналар сөйледі: Қостанай облыстық партия комитетінің секретары И. П. Храмов, Қазақ ССР Ғылым академиясының президенті Қ. И. Сәтпаев, Республикалық партия мектебінің директоры Н. Н. Поспелов, Мәдениет министрі Т. Тәжібаев, Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының председателі Ж. А. Тәшенов жолдастар.

Барлық талқыланған мәселелер бойынша Пленум тиісті қарарлар қабылдады.

Пленумда ұйымдастыру мәселелері қаралды.

Пленум П. К. Пономаренко жолдастың басқа жұмысқа ауысуына байланысты, оны Қазақстан КП Орталық Комитетінің бірінші секретары міндетінен босатты.

Пленум Қазақстан КП Орталық Комитетінің бірінші секретары етіп Л. И. Брежнев жолдасты сайлады.

Пленум Қазақстан КП Орталық Комитетінің екінші секретары және бюро мүшесі етіп И. Д. Яковлев жолдасты сайлады.

Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінде

Жүгері колхозға қандай пайда береді

Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесінің лекция залдары мен павильондарында еліміздің озат колхоздарының басшылары жиі лекция оқып, баяндама жасап, эскурсияшыларға өздерінің тәжірибелерін ауысады. Көрме жұмысы басталғаннан бері лекторийлердің өзінде ғана 60-қа жуық осындай лекция оқылды.

Жуырда эскурсияшылар Бүрск облысы, Хомутов ауданының Калиновка селосы колхозының председателі Д. П. Зелинскийдің тамаша лекциясын тыңдады.

Бұл шаруашылықтың табыстары «орталық қаратопырақты облыстар» павильонында кеңінен көрсетілген. Колхоз дөңді дақылдар өндіруді қысқа мерзімнің ішінде екі есе арттыруға мүмкіндік беретін егістік жерлердің құрылымын белгіледі. Калиновка селосында бұл міндет бір жылдың ішінде шешілді. Астық өндіру 7 мың центнерден 16 мың центнерге дейін артты. Колхоз жүгерінің аз өнім беретін сорттары орнына мол өнім беретін сорттарын өсіретін болды, оның егіс көлемі 250 гектар болып отыр.

—Жүгері біздің мал шаруашылығы өнімін бір жылдың ішінде екі еседен аса арттыруымызға мүмкіндік берді, — дейді Зелинский жолдас, —өткен жылы біз бұл дақылды 49 гектар жерге егіп, сонымен көкөністен мол өнім жыйнадық. Өрбір сыйырға 10 тоннаға дейін сүрлем дайындалды. Жүгері азығы сыйырлардың сүттілігін мықтап арттырды. Өткен жылы біз әрбір сыйырдан орта есеппен 1314 килограмнан сүт алдық, ал кәзір, 1 августқа дейін алған сүттіміздің мөлшері 2228 килограмға жетті! Жыл аяғына дейін әрбір сыйырдан сауылған сүт 3 мың килограмға жетеді. Сонымен сыйырлардың саны көбейтілмегенінің өзінде бір жылдың ішінде алынатын сүттің мөлшері 2,3 есе артты.

Бізде шошқа шаруашылығы мүлде өркендемеген болатын, өткен жылы әрбір 100 гектар егістік есебімен небары 1,8

үнемі атсалысып отырды. Ауыл-селоның көркейту жөнінде жергілікті Советтердің сессияларында арнаулы мәселелер қаралып, тиісті қарарлар қабылданды. Жергілікті Советтердің депутаттары мен активтері осы қарарлардың қалтқысыз жүзеге асырылуын қамтамасыз етті.

Бонюхов аудандық Советі өзінің кезекті сессиясында «селолық Советтер мен колхоздардың елді пункттерді көркейтудегі міндеттері» деген мәселе қарады. Аудандық Совет атқомі председателинің орынбасары депутат Рузимов жолдас сессияда баяндама жасады. Депутаттар қол жеткен табыстармен бірге селоларды көркейту жұмыстарындағы кемшіліктерді сынып, оны жою жөнінде бағалы ұсыныстар енгізді.

Ауданның колхоздарында 8 клуб үйі, 3 қызыл мүйіз салу, 3 клуб үйін күрделі жөндеуден өткізу, 14 елді пунктті радиоландыру белгіленген болатын. Сондай-ақ, музыка аспаптарын, спорт жабдығы мен құралдарын сатып алуға қаржы бөлінді. Ауданның колхоздары селоларды көркейту үшін 1 миллион 600 мың сом қаржы бөлі. Көзір бұл белгіленген құрылыстардың біразы аяқталып, олар пайдалануға берілді. Мәдени ошақтарын салу, ескі клуб үйлерін жөндеу, оларды қысқы отынмен қамтамасыз ету жұмыстары әлі тоқтасуыз жүргізілуде.

Торангүл селолық Советінің депутаттары (Ленин ауданы) Иванова мен Игнатьев жолдасардың инициативасы бойынша Торангүл совхозының орталық ұсадыбасында 3 гектар алаңды қамтытын парк салынды. Бөктемде шаржа Сибирь жерінде өсетін қайың, шырша қарағай және басқа ағаштар отырғызылды.

Днепропетровск облысының колхоздары мен совхоздары астық дайындаудың мемлекеттік жоспарын мерзімінен бұрын орындады

ОБЛЫС АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ЕҢБЕГШІЛЕРІ МЕМЛЕКЕТКЕ ЖОСПАРДАН ТЫС 19,4 МИЛЛИОН ПҮТ АСТЫҚ ТАПСЫРУҒА МІНДЕТТЕМЕ АЛДЫ

СОКП Орталық Комитеті Пленумдарының астық пен ауыл шаруашылығының басқа да өнімдерін өндіруді арттыру жөніндегі қарарларын орындай отырып, СОКП XX съезін лайықты табыстармен қарсы алу жолындағы социалистік жарысты кеңінен өрістетіп, Днепропетровск облысының колхозшылары, МТС және совхоз қызметкерлері, ауыл шаруашылығының мамандары астық дайындаудың мемлекеттік жоспарын (жүгеріні есептемегенде) мерзімінен бұрын — 1955 жылғы 3 августа орындады. Мемлекетке 39,9 миллион пұт астық, оның ішінде 29,5 миллион пұт бидай тапсырылды.

Облыстың колхоздары, МТС және совхоздары көзіркі уақытта масақты дақылдар жыйнауды атқару жөнінде жұмыстар жүргізуде және таяу күндерде сүттеніп, балауыздана піскен жүгеріні жыйнауға кіріседі, сондай-ақ жүгері астығын, тарыны, күнбағысты, овощты, картопты, коноплияны, қант қызылшасын мезгілінде

сырған еді. Селолық Совет атқомі, оның председатели Н. Носов жолдас «құрылыс материалдары жетімсіз» деген сылтаумен осы уақытқа дейін клуб үйі құрылысын бастамай келеді. Селодағы көзіркі ескі клуб үйі пайдалануға жарамай қалды. Көзір село еңбекшілерінің кино көретін, концерт тыңдайтын орны жоқ. Бұл жағдай Чанаев атындағы колхоздың басшыларымен Тоқшын селолық Советі атқоміндегілерді әзірше қынжылтар емес.

Октябрь ауданындағы Ленин, Есіл, Преснов ауданындағы Баян ауылдық Советтерінің қарауындағы елді пункттерді көркейту ісімен ауылдық Совет атқомдері шұғылданбайды десе де болады. Октябрь ауданының Ленин атындағы колхозында клуб үйін салу жөнінде сөз болғалы жылдар өтті. Күні осы уақытқа дейін клуб үйі пайдалануға берілмек түгіл оның қабырғасы да қаланған жоқ.

Облысымыздың тың жерлерде ұйымдасқан жаңа совхоздарындағы құрылыс жұмыстарын жүргізу, совхоз поселкаларын көркейту ісі де мөз емес. Әресе, Аманкелді атындағы, Ленин атындағы, Булаев совхоздарында құрылыс жұмыстары қанағаттанғысыз жүргізілуде. Тұрғын үйлердің жетімсіздігінен көптеген жаңа қоныстанушылар тар пәтерлерде тұрады.

Материалдық әл-ауқаты жақсарып, мәдениеті өскен халық көркейген ауыл-селолардың әдемі үйлерінде тұрып, бос уақыттарында мәдениетті дем алғысы келеді. Еңбекшілердің осындай өскелең тілегін үнемі ескеру, сөйтіп, елді пункттерді көркейтуге күнбе-күн көңіл бөлу жергілікті партия, совет, кәсіподақ ұйымдарының және шаруашылық басшыларының ылғый көңіл бөлетін мәселесі.

және ысырапсыз жыйнап алуға, мемлекетке осы дақылдардың өнімін тапсыру жоспарын мерзімінен бұрын орындауға әзірленуде.

1956 жылы егіннен мол өнім алу үшін күресті өрістетіп, облыстың колхоздары мен совхоздары өздерін жоғары сапалы сортты тұқыммен қамтамасыз етті, күздік дақылдар егу жұмысын агротехникалық ең қолайлы мерзімде өткізу үшін күздің егіске әзірлік жүргізуде, зяб жыртудың жоспарын толығынан орындауға міндеттенуде.

Днепропетровск облысының еңбекшілері өздерінің мүмкіншіліктерін есептеп, мемлекетке жылдық жоспардан тыс 19,4 миллион пұт астық тапсыруға міндеттеме алды. Облыс быйылғы жылы мемлекетке небары 61,4 миллион пұт астық тапсырады, бұл — егін ең бітік шыққан 1947 жылы мемлекетке тапсырылған астықтан 13 миллион пұт артық,

Николаев, «Қарағандыкөмір» комбинатының бастығы П. П. Иноземцев, Қазақстан кәсіподақ Советінің председатели И. Шәрипов, Семей облыстық партия комитетінің секретары С. М. Новиков, Қарағанды шахта құрылысының бастығы М. А. Дмитриев, Мемлекеттік хауіпсіздік комитетінің председатели В. В. Губин, ҚЛКЖО Орталық Комитетінің секретары Н. В. Дыхнов, Министрлер Советі Председателиның орынбасары М. И. Горбунов жолдасар.

Қазақстан Коммунистік партиясының кезекті VIII съезін шақыру туралы

Қазақстан КП Орталық Комитеті бесінші Пленумының қаулысы

1. Қазақстан Коммунистік партиясының кезекті сегізінші съезі 1956 жылғы 10 январьда шақырылсын.

2. Съездің мынадай күн тәртібі бекітілсін:

I) Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің есепті баяндамасы — баяндамашы Қазақстан КП Орталық Комитетінің секретары Л. И. Брежнев жолдас.

II) Қазақстан Коммунистік партиясы тексеру комиссиясының есепті баяндамасы — баяндамашы тексеру комиссиясының председатели З. А. Бунаков жолдас.

Пленум Орталық Комитеттің мүшелігіне кандидаттар Г. А. Мельник және И. К. Юсупов жолдасарды Қазақстан КП Орталық Комитетінің мүшелігіне енгізді.

Пленум «Казахстанская правда» газетінің редакторы етіп К. И. Нефедов жолдасы, «Социалистік Қазақстан» газетінің редакторы етіп Қ. Ш. Шәрипов жолдасы бекітті.

III) СОКП -ның XX съезіне делегаттар сайлау.

3. Қазақстан Коммунистік партиясының сегізінші съезіне мынадай өкілдік нормалары белгіленсін: партияның 270 мүшесінен шешуші дауыспен бір делегат және партия мүшелігіне 270 кандидаттан кеңесші дауыспен бір делегат.

Қазақстан КП Орталық Комитетінің Секретары Л. БРЕЖНЕВ.

Еліміздің еңбекшілері Совет үкметінің сыртқы саясатын қызу қолдауда

ССРО Жоғарғы Советі бүкіл совет халқының ой-пікірін білдірді

Төрт держава Үкметтері Басшыларының Женева Кеңесінің қорытындылары туралы ССРО Министрлер Советінің Председатели Н. А. Булганиннің баяндамасын және ССРО Жоғарғы Советінің қаулысын Москваның станок жасайтын «Красный пролетарий» заводының коллективі зор қанағаттанғандықпен қарсы алды.

Кәсіпорнының барлық цехтары мен бөлімдерінде дауыстап газеттер оқылды, үгітшілер әңгімелер өткізді, жыйналыстар болды. Краснопролетарлықтардың сан мың адамдық коллективі Совет Одағының сыртқы саясатын — бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшілік пен хауіпсіздіктің саясатын, мемлекеттер арасында ынтымақ, өзара түсінісушілік және сенім орнатудың саясатын бірауыздан мақұлдады.

— ССРО Жоғарғы Советінің қаулысында, — деді заводтың жаңашыл токарі В. Шумилин, — бүкіл совет халқының ой-пікірі бейнеленген.

Ынтымақтасу рухы, ұлы державалар үкметтері басшыларының Женевада жүзбе-жүз кездесіп байланыс жасауы — халықаралық шиеленісті бәсеңдету ісінде алға қарай зор қадам басқандық болып табылады.

Ынтымақтасудың бұл рухы онан әрі кеңінен өріс алып, октябрьде Сыртқы істер министрлерінің кеңесінде де үстемдік етуін совет адамдары шын ниетпен тілейді.

(ТАСС).

Халықтар арасында бейбітшілік және достық болуы үшін!

ЛЕНИНГРАД, 6 август (ТАСС). Бүгін Ленинградтың кәсіпорындарында ССРО Жоғарғы Советінің ССРО Министрлер Советінің Председатели Н. А. Булганин жолдасының баяндамасы бойынша қабылдаған қаулысына арналған жыйналыстар болып өтті.

Киров заводының цехтарында көп адам қатысқан жыйналыстар өтті. Көптен келе жатқан бұл кәсіпорының коллективі бұл күні Совет Үкметінің бейбітшілік саясатын қызу және бірауыздан қолдайтындығын, өзінің барлық күшін бейбітшілік ісін нығайту үшін жұмсауға деген әзірлігін тағы да білдірді.

Механика цехында болған жыйналыста сөз сөйлей келіп, мастер Н. Воробьев совет халқының өмірлік мүдделеріне, бүкіл дүние жүзінде бейбітшілік пен хауіпсіздікті нығайтудың мүдделеріне сай келетін жетімдік бейбітшіл сыртқы саясатты дөйектілікпен жүргізіп отырған Коммунистік партия мен Совет Үкметін шын жүректен құттықтады.

— ССРО Жоғарғы Советі, — деді Воробьев, — төрт держава үкметтері басшыларының Женева Кеңесіндегі Совет Одағының Үкмет делегациясының қызметін мақұлдап, бейбітшіл бүкіл совет халқының еркін білдірді. Біз барлық халықтармен бейбітшілік жағдайда және достық өмір сүргіміз келеді. Біздер алдағы уақытта да бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшіліктің тірегі — өз Отанымыздың көркейіп жаңадан гүлдей беруі үшін күресеміз.

— ССРО Жоғарғы Советінің сессиясы,

— деді мастер С. Парфенов, — совет адамдарының бейбітшілік ісіне берілгендігін тағы да дәлелдеді. Барлық совет адамдары сыяқты, кировшылар, Женева Кеңесіндегі біздің еліміздің үкмет делегациясының қызметін мақұлдаған Жоғарғы Советтің қаулысын қолдайды.

Бүгін С. М. Киров атындағы иіру-жіп комбинатының үш мыңнан аса жұмысшысы, инженері, қызметшісі жыйналысқа келді. Қарт өндірісші А. Соболева былай деп мәлімдеп, жыйналғандардың ой-пікірін білдірді:

— Біз төрт держава үкметтері басшыларының Женева Кеңесінің қорытындыларын шын ниетпен және шын жүректен құттықтаймыз. Женева кеңесінің табысы — экономикалық және мәдени ынтымаққа ұмтылып отырған бейбітшіл халықтардың табысы. Бейбітшілік жолындағы күресте қол жеткен табыстар біздерді бақытты және шат өмір игілігіне, еңбекте жаңа істерге жігерлендіреді.

Көп адам қатысқан жыйналыстар бүгін мұнымен қатар Ленинград облысының Всеволожск, Лужск, Тихвин және басқа аудандарының колхоздарында, МТС-терінде, кәсіпорындарында болып өтті. Жыйналыстарға қатысушылар қару-жарақты азайту, атом және сутегі қаруына тыйым салу және жаңа соғыстың қатерін жою мәселелері жөніндегі Совет Үкметі ұсыныстарының орасан зор маңызы бар екенін атап көрсетті.

центнер шошқа еті өндірілген еді. Ақ быйылғы жылы кемінде 28 центнер шошқа еті өндірілмекші. Колхоздағы мал шаруашылығының табысы 3 еседен аса артады.

Жүгері қамқорлықпен күтіледі, деп хабарлады Зелинский жолдас. Жүгері түгелдей шаршы-ұялы өдіспен егілген болатын, қатараралығы екі бағытта басталуда. Біз егінді үстеп көректендіреміз, қолдан қосымша тозаңдандырамыз. Жүгерінің биіктігі көзіркі уақытта екі метрге жетті, оны бүкіл егіс көлемінде сүттеніп балауыздана піскен кезінде жыйнаймыз, собықтарын бөлек консервілейміз.

Қоғамдық шаруашылық өнімділігінің артуы нәтижесінде колхозшылардың материалдық әл-ауқаты жақсаруда. Әрбір еңбеккүнге кемінде 3 килограмм астық және 18 сомнан ақша беру белгіленіп отыр. Мұның үстіне, колхозшылардың өз малдары үшін 6 тоннадан сүрлем, бір тоннадан консервіленген собық беріледі.

(ТАСС).

Бейбітшілік ісін еңбегімізбен нығайта береміз

Қаладағы Бірінші май кәсіпшілік артелінің тігіншілері ССРО Жоғарғы Советі үшінші сессиясының ССРО Министрлер Советінің Председатели Н. А. Булганин жолдасының баяндамасы бойынша қабылдаған қаулысын зор қанағаттанарлық сезіммен қарсы алды. Артельдің барлық цехтарында, бригадаларда сессия қаулысы жөнінде үгітшілер әңгімелер өткізуде.

Бірінші май кәсіпшілік артелінің коллективі мұндай әңгімелерде өздерінің Коммунистік партия мен Совет Үкметінің сыртқы саясатын шын жүректен қолдайтындығын, халықтар арасындағы бейбітшілік пен достықты нығайтуға өздерінің арқашан да әзір екендіктерін білдірді.

Ольга Филиппованың бригадасы өткен июнь айының жоспарын 120 процент, ал оның өзі 200 процент орындап шыққан болатын. Бригада айлық, тоқсандық тапсырмаларды үнемі асыра орындап, мемлекетке жоспардан тыс өнім беруге міндеттенді. Бірінші май артелінің коллективі жылдық жоспарды осы жылдың 10 декабріне дейін аяқтауға, қалған уақыт ішінде мемлекетке жоспардан тыс бір миллион сомның дайын товарларын беруге міндеттеніп отыр.

Артель коллективі Женевада октябрь айында өтетін төрт ел сыртқы істер министрлерінің кеңесінде де ынтымақтасу рухы үстем болып халықтардың бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті баянды ету жолындағы күресті онан әрі күшейте беруге тілектестік білдірді.

Егін жыйнау және астық дайындау кезіндегі бұқаралық-саяси жұмыстың дәрежесі жоғары болсын

(Колхоз, МТС және совхоз бастауыш партия ұйымдары секретарларының облыстық кеңесін н.)

6 августа колхоздардың, МТС-тер мен совхоздардың бастауыш партия ұйымдары секретарларының облыстық кеңесі болды. Кеңеске аудандық мәдениет бөлімдерінің меңгерушілері, аудандық газеттердің редакторлары, аудандық комсомол комитеттері мен совхоз комсомол ұйымдарының секретарлары, колхоздар мен совхоздарды қамқорлыққа алған кәсіпорындардың басшылары қатысты.

Кеңеске қатысушылар «СОКП Орталық Комитеті июль Пленумының қаулысына байланысты колхозшылар мен МТС, совхоз қызметкерлері арасында партиялық-саяси және мәдени-ағарту жұмыстарды өрістетуге туралы» облыстық партия комитетінің секретары Лосев жолдастың баяндамасын талқылады. Баяндамашы СОКП Орталық Комитеті июль Пленумының қойған міндеттері туралы, облыс еңбекшілерінің Пленум қаулысын бірауыздан қауаттағаны туралы айтты.

СОКП Орталық Комитеті январь Пленумының қаулысын орындай отырып, облыс партия ұйымы саяси жұмысқа басшылықты күшейтіп, оның идеялық дәрежесінің жоғары және әсерлі болуына жетісті. Мұның өзі, әсіресе, көктемгі егіске әзірлік және оны өткізу кезінде айқын көрінді. Саяси жұмыстың дәрежесі мен идеялық мазмұны үгітшілер құрамына байланысты екенін еске ала отырып, партия ұйымдары үгітшілердің сапа құрамын жақсарту жөнінде едәуір жұмыс істеді. Үстіміздегі жылы жоғары және ортадан жоғары білімдері бар үгітшілердің саны 500 адам шамасында артты. Ал бастауыш білімдері бар үгітшілердің саны екі есе қысқарды. Бұқаралық-саяси және мәдени-ағарту жұмыстарының негізгі мазмұны партия мен үкметтің ішкі және сыртқы саясатын, Коммунистік партия мен Совет үкметінің маңызды шарадарын еңбекшілер бұқарасына кеңінен түсіндіру болып келеді.

Быйыл, деді Лосев жолдас, өткен жылға қарағанда лекциялық насихат едәуір жақсы ұйымдастырылып отыр. Партия комитеттерінің штаттары және штаттан тыс лекторлары селолық жерлерде 1260 лекция оқыды. Осы сыяқты, социалистік жарысты өрістетуге, еңбекшілерді мәдени қамту жөнінде де бірқатар жұмыстар істелді. 1954 жылы 82 мәдени-ағарту мекемелері, соның ішінде 12 клуб және 70 селолық кітапханалар мен оқу үйлері жаңадан ашылды. Үстіміздегі жылы, әсіресе, МТС-тер мен совхоздарда тағы да 70 мәдени-ағарту мекемелері ашылғаны отыр. Тың және тыңайған жерлерді игеруге байланысты облыс еңбекшілері астана театрларының артистерін жиі көрсетіп

астық тапсыру кезіндегі партиялық-саяси және мәдени-ағарту жұмыстарының міндеттеріне тоқталды.

Баяндамадан кейін кеңеске қатысушылар колхозшы шаруалар мен МТС, совхоз қызметкерлерінің арасында бұқаралық-саяси және мәдени-ағарту жұмыстарын кеңінен өрістетуге жөнінде сөз сөйлеп, пікір алды.

Дзержинский атындағы совхоз партия ұйымының секретары Никитенко жолдас СОКП Орталық Комитетінің июль Пленумының қаулысын совхоз еңбекшілеріне түсіндіруге жөніндегі үгіт коллективінің жұмысын хабарлады. Партия ұйымы Пленум қаулысын насихаттау жөнінде үгітшілердің семинар-кеңесін өткізді. Осыдан кейін әрбір үгітші дауыстап газет оқу, әңгіме өткізу үшін өздерінің участоктарына барды. Совхоз еңбекшілері СОКП Орталық Комитетінің июль Пленумының қаулысын қызу қауаттап, ауылшаруашылық жұмыстарын ойдағыдай ұйымдастыру жөнінде кәтеріңкі міндеттемелер қабылдады. Совхоз қамбайшылары егін жыйнау маусымын қысқа мерзімде, 10-12 жұмыс күні ішінде өткізуге міндеттеніп отыр.

Молотов атындағы колхоз (Преснов ауданы) партия ұйымының секретары Бельчиков жолдас партия ұйымының бұқаралық-саяси жұмысты ұйымдастыру жөніндегі тәжірибесін ортаға салды. Біз, деді шешен, СОКП Орталық Комитеті январь Пленумының қаулысын жүзеге асыра отырып, әрбір коммунистік колхоз өндірісінің шешуші участогінде жұмыс істеуіне, колхозшы шаруалар арасында саяси жұмыс жүргізуіне жетісіп келеміз. Көктем егісі кезінде үгітші коммунистер Давыдов, Степаненко және басқа жолдастар бригадаларда күн сайын әңгімелер өткізіп, социалистік жарыстың барысын көрсеткіш тақталары мен жауынгерлік листоктарда айтылып отырды. Сонымен қатар көркемөнерпаздардың концерттері мен саяси баяндамалар, лекциялар ұйымдастырылды. Біз бұқаралық-саяси және мәдени-ағарту жұмыстарын кәзірде, мал азығын дайындау және зыб жұрту кезінде де осылай ұйымдастырып отырмыз.

Мазмұнды ұйымдастырылған саяси үгіт өзінің игі нәтижесін беріп келеді. Кәзір колхозда жабық қырымдар мен таразы шаруашылығы, мемлекет қоймаларына астық тасу үшін автомобиль, транспорты толық өзір. Таяудағы күндері колхоз партия ұйымы өзінің ашық жыйналысын шақырып, онда егін жыйнау және мемлекетке астық тапсыру кезіндегі бұқаралық-саяси жұмыс туралы мәселе талқылайды.

Ұйымдарының кінәсінен екі колхоздың арасындағы жарыстың барысы үстіміздегі жылы бірде-бір рет тексерілген емес.

Коминтерн атындағы колхоз (Булаев ауданы) партия ұйымының секретары Горбылев жолдас колхоз және МТС партия ұйымдарының саяси жұмысты ұйымдастыру жөніндегі ынтымағы туралы айтты.

Москворецк совхозы партия ұйымының секретары Тишаклов жолдас үгітшілер коллективінің құрамын іріктеп алу, олар мен жұмыс істеу мәселесіне назар аударды. Совхоздың басшы қызметкерлері мен мамандары жұмысшылармен әңгіме өткізу, баяндама оқу жұмыстарына қамтылған. Үгіт коллективінің егін жыйнау кезіндегі жұмыс жоспары жасалды. Сондай-ақ совхоздың егін жыйнау, мемлекетке астық тапсыру жөніндегі жұмыс жоспары жасалып, бөлімшелер мен бригадаларда жұмысшылардың жалпы жыйналысында талқылануда.

— Біздің совхоздың ұйымдасқанына екінші жыл, — деді ол, — солай бола тұрса да облыстық совхоздар басқармасы біздің совхозда жұмысшылар үшін клуб үйін салуды ескермей отыр. Совхозда клуб үйінің болмауы мәдени-ағарту жұмыстарын ұйымдастыруға қыйындық туғызады. Жаңа совхоздарда клуб үйін салу мәселесін тез арада шешу қажет.

— Біздің совхоз коллективінің басым көпшілігі, — деді Интернационал совхозы партия ұйымының секретары Чалов жолдас, — комсомолдер мен жастар болып табылады. Саяси жұмысты коллективтің осы ерекшелігіне қарай ұйымдастыруды еске алып келеміз. Дегенмен, бұқаралық-саяси жұмысты ұйымдастыруда елеулі кемшіліктер бар екенін жасыруға болмайды. Партия ұйымы сана сөзімі артта қалған адамдармен жұмыс істеуге әлі де болса жете назар аудара алмай келеді. Көп реттерде партия ұйымының секретары бірыңғай шаруашылық жұмыстарымен айналысып, саяси үгітке басшылықты әлсіретіп алады. Біз жұмыс стилін мейлінше жақсартуымыз керек.

Мұнан кейін Чалов жолдас социалистік жарысты ұйымдастыруда өндіріс озаттарын ынталандырудың зор маңызы бар екеніне тоқталды. Өткен жылы тың және тыңайған жерлерді игеру жолындағы социалистік жарыста Н. Шатов жолдастың басқарған комсомол-жастар бригадасы республика бойынша бірінші орынға, одақ бойынша үшінші орынға ие болды. Кәзір жылдан астам уақыт өтті, бригада мүшелері күні осы уақытқа дейін тиісті сыйлықтарын ала алмай жүр. ҚЛКЖО облыстық комитетінің мұндай

жөніндегі сұрақтарына совхоздар министрлігі құлақ аспай отыр. Бұл мәселе жөнінде облыстық ұйымдар совхозға көмек көрсетуге тиіс.

— Станцияның үгітшілер коллективінің құрамында 25 адам бар, — деді Никольская МТС-і партия ұйымының секретары Кунгурцев жолдас. — Олар көктемгі егіс кезінде механизаторлар арасындағы саяси үгітті ойдағыдай ұйымдастырып, мәдени қостарды көрнекі үгітпен жабықтап, жауынгерлік листоктар мен қабырға газеттерін шығарды. Өндіріс озаттарының тәжірибелерін насихаттады. Кінәні мойындау керек, партия ұйымы саяси үгіттің көктемгі егіс кезіндегі қол жеткен табыстарын онан әрі баянды ете алмады, бұл жұмысты мал азығын дайындау кезінде әлсіретіп алды. Партия ұйымы алыстағы трактор бригадалары мен шөп шабу жұмысындағы агрегаттардағы үгітшілерге кезінде көмек көрсете алмады. Станцияның басшы қызметкерлері алыстағы бригадалар мен агрегаттарда жиі болады. Бірақ МТС директоры У. Әуелбеков, бас агроном Омаров жолдастар бригадаларда болғанда механизаторлармен әңгіме өткізуге, олар үшін лекция оқуға немжетті қарайды. Омаров жолдас МТС қызметкерлері үшін өзі қызмет істегелі, екі жылдан бері, бірде-бір лекция оқыған емес. Ол өзінің тікелей агрономдық жұмысына да салдып қарайды. Омаров жөнінде облыстық ауылшаруашылық басқармасына бірнеше рет мәселе қойылды. Бірақ бұл басқарманың бастығы Көрөбов жолдас Омаровтың қызметі жөнінде мәселе шешуді кешіктіріп отыр. Ауыл шаруашылығының мамандары бұқаралық-саяси жұмысқа белсене қатысуға тиіс.

Кунгурцев жолдас саяси және ғылыми білімдер тарату жөніндегі қоғамның облыстық бөлімшесіне орынды талап қойды. Біз, деді шешен, түрлі тақырыптарға дайындалған лекциялардың текетілерін көптеп аламыз. Бірақ бөлімшенің көмегі осымен бітуге тиісті ме? Әрине, жоқ. Бөлімшенің қызметкерлері қоғамның мүшелерін лекциялық насихаттың әдістеріне үйретіп отыруға тиіс.

Ильич атындағы МТС партия ұйымының секретары Силантьев жолдас станция қызметкерлерінің арасындағы саяси жұмыстың жайын баяндай келіп, облыстық партия комитетінің насихат және үгіт бөлімі қызметкерлерінің МТС-те сирек болатынын айтты. Мен станцияда қызмет істегелі екі жыл болды. Осы уақыттың ішінде облыстық комитеттің лекторларының бірде-бірі МТС қызметкерлері үшін лекция оқыған емес. Көктемде аудан орталығы — Явленка селосында об-



Преснов совхозында жұмысшылар мен қызметшілер үшін жеке тұрғын үйлер салу жұмыстары қызу жүргізілуде. Кәзірдің өзінде орталық усадьбада үй салында.

СУРЕТТЕ: совхоз жұмысшылары мен қызметшілері үшін салынған жаңа үйлер. СУРЕТТІ ТҮСІРГЕН А. РОЗЕНШТЕЙН.

Қыялы-Корнеевка автомобиль жолы құрылысында

Үстіміздегі жылдың май айынан бастап, ұзындығы 90 километрлік Қыялы-Корнеевка арасына автомобиль жолы салына бастады. Республикалық маңызы бар бұл жол облысымыздың темір жолдан алыс жатқан колхоздары мен совхоздарын басып өтеді, оларды Қарағанды темір жолындағы Қыялы станциясы аэлеваторымен жалғастырады.

Қыялы-Корнеевка автомобиль жолында бес отряд жұмыс істейді. Бірінші отряд адамдарына құрылыстың ең жауапты және ауыр жұмыстары тапсырылған. Олар жер қазу жұмыстарын атқарады, жолдың негізгі іргесін қалайды.

Құрылыс отрядтарының барлығы да бір-бірімен социалистік жарысқа түскен. Әрбір ай сайын шығарылып тұратын социалистік жарыс қорытындысында И. Клименко жолдас басқаратын № 1 отряд коллективі үздік еңбек етіп, жарыста озып шығуда. Отряд бастығы И. Клименко, техникі В. Толпов жолдастар құрылысшы механизматорлардың еңбегін дұрыс ұйымдастырады. Құрылыс жұмыстарындағы барлық техниканы жоғары күтімде ұстап, оны негүрлым өндіріске тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді. Соның нәтижесінде отряд мүшелері әрбір айға берілген өндірістік жоспарды мерзімінен бұрын, артығымен орындауға жетісіп жүр.

1955 жылға белгіленген жоспар бойынша № 1 отряд автомобиль жолының 30 километрлік кесіндісінде жер қазу

жолдас еменалық тапсырманы әрдайым 180—200 процент орындайды. Ал өскершілер Рамазанов, Клинец жолдастар да еменалық тапсырманы біржарым-екі есе орындаумен қатар, жұмыстың жоғары сапалы болуын қамтамасыз етуде. Қуатты грейдер-аэлеваторының механигі Козленко және тракторшы Куличенко жолдастар социалистік жарыста алған міндеттемелерін мұлтқис орындау жолында қажымай-талмай еңбек етіп жүр. Олар бір еменда 1200 текшеметр жердің башығын алып жол бойына төсегуге тиісті болса, оны 1400—1500 текшеметрге дейін жеткізіп жүр.

Автомобиль жолы құрылысында № 3 отряд коллективінің еңбегі де атап айтарлықтай. Бұл отряд негізінен үй құрылысын және басқа да құрылыстар салумен шұғылданады. Осы отрядтағы Двингун жолдас басқаратын бригадала бар болғаны 9 жұмысшы еңбек істейді. Бұл құрылысшылар бригадасы өткен бір айдың ішінде екіқабатты сегіз пәтерлі үйдің қабырғасын қалап бітірді.

Алайда, жол құрылысын бұдан да тез және сапалы жүргізуге болады. Бірақ дайындаушы мекемелер құрылысты қажетті материалдармен деркесінде және жеткілікті мөлшерде қамтамасыз ете алмай отыр. Петропавлдың «Главнефтсбыт» конторасы жолдың негізін салуға керекті желімдеуші материал — битумды келтірілген уақыттағыдан 18 күн кеш болаты. Мұның өзі екінші отряд жұмысшылары өзіне міндеттелген жұ-

Сонымен қатар, деді Лосев жолдас, партиялық-саяси және мәдени-ағарту жұмыстарының өрісі мен дәрежесі әлі де болса өскелең міндеттерге жауап бермейтінін мойындау керек. Мұның өзі шаруашылық міндеттерді ойдағыдай шешу ісіне нұқсан келтірмей отырған жоқ.

Көптеген колхоздар мен совхоздарда ауылшаруашылық жұмыстарының маңызды салалары жеткіліксіз орындалып келеді. Мұның себептері мынада, біріншіден, кейбір колхоздардың, МТС-тердің және совхоздардың басшы кадрларының арасында партиялық және мемлекеттік тәртіптің дәрежесі төмендеген. Екіншіден, адамдармен жұмыс жеткіліксіз жүргізіледі, ұйымдастыру және бұқаралық-саяси жұмыстың дәрежесі төмен болып отыр.

Лосев жолдас баяндамасының қорытындысында егін жыйнау және мемлекетке

лық жасаудың қажеттігіне тоқталды. Бысты күні кейбір фермаларда мал күтімінің жайы нашар болды. Бұл кемшілікті жою үшін партия ұйымы бір ферма мен екінші ферманың арасындағы социалистік жарысты тексеруді ұйымдастырып, оның қорытындысын мал өсірушілердің талқылауына ұсынды. Осының нәтижесінде мал қыстаудың жайы едәуір жақсарды. Жақында партия ұйымы мен колхоз басқармасы мал өсірушілердің 7 айлық социалистік жарысының қорытындысын шығарды. Тексерістің нәтижесінде мал шаруашылығы өнімдері өткен жылдың осы уақытымен салыстырғанда анағұрлым артқаны байқалды. Дегенмен социалистік жарысты ұйымдастыруда әлі де болса кемшіліктер жоқ емес. Біздің колхоз «Организованный труд» колхозымен социалистік жарысқа ұшғасқан. Алайда партия

қызметкерлері жергілікті жерлерде сирек болады, совхоз өмірін жете білмейді. Бір мысал: жақында аудандық комитеттің бюросында біздің совхоздың кәсіподақ ұйымының жұмысы әсересе, оның социалистік жарысқа басшылығы жеткіліксіз екендігі жөнінде әңгіме болды. Кәсіподақтардың облыстық Советінің председатели Цимбал жолдас осыған қарамастан біздің совхоз кәсіподақ ұйымының социалистік жарысқа басшылығын мақтап, облыстық газетке мақала жазды.

Маленков атындағы совхозы партия ұйымы секретары Крысанов жолдас кеңесте қатысушылардың назарын еңбек ұйымдастыру мәселесіне аударды. Біздің совхозда, деді шешен, еңбекті нормалауда, еңбекке төлеуде елеулі кемшіліктер бар. Біз ескі нормаларды пайдаланып келеміз. Совхоз басшыларының еңбекті нормалау

үлгі бөлімінің меңгерушісі Гусев жолдас 15 күн болды. Алайда ол біздің МТС-ке жөліп, жұмысшылармен кездесу үшін уақыт тапшады.

Кеңесте талқыланған мәселе бойынша Булаев астық совхозы партия ұйымы секретарының орынбасары Панков, Конюхов аудандық мәдениет бөлімінің меңгерушісі Гаврилов, Преснов ауданы «Красный партизан» колхоз партия ұйымының секретары Балохонцев, ҚЛКЖО облыстық комитетінің секретары Нурпейсов, саяси және ғылыми білімдер тарату жөніндегі қорамның облыстық бөлімшесінің секретары Сошников, Преснов совхозы партия ұйымының секретары Рацункин, облыстық Совет атқомі председателинің орынбасары Дроздецкая, облыстық оқу бөлімінің меңгерушісі Шербаков жолдас — барлығы 16 адам сөз сөйледі.

жұмыстар жөзінді өзінде аяқталуға жуық. Отряд коллективі СОММ Орталық Комитетінің өнеркәсіпті оған әрі өрге бастыру, техникалық прогресс және өндірісті ұйымдастыру жөніндегі міндеттер туралы ССРО Министрлер Советінің Председатели Н. А. Булганин жолдасының баяндамасы бойынша қабылданған қаулысын зор өндірістік өрлеу үстінде қарсы алды. Олар өздерінің ішкі резервтері мен мүмкіншіліктерін толық есептеп, өздеріне жаңадан көтеріңкі міндеттемелер қабылдады. Сөйтіп, бйылғы жылы белгіленген 30 километрлік жолға балшық көтерудің орынына 60 километрлік трассаның жер қазу жұмыстарын толығынан аяқтайтын болды.

Бұл күндері алған міндеттемені аяқтайтын орындап шығу жарысы қызу қарқынмен өрістей түсті. Бульдозерші Афонин

басқа салаларына ауысуға мәжбүр етті, алынған міндеттеменің орындалмауына әкеліп соқты.

Автомобиль жолының ең үстіңгі қабатын жабуға керекті ұсақ тастар ондаған километр жерден тасымалданады. Көзір, мұнда тас тасымалдауда бар болғаны 10 автомашина жұмыс істейді. Бұл әрине құрылыс қажетін қанағаттандыра алмайды. Осыған қарамастан, Қыялы автотрассасы тарапынан жол салушыларға ешбір қажетті көмек көрсетілмей отыр.

Қыялы-Корнеевка автомобиль жолы құрылысын тез аяқтау ісіне жете назар аудару керек.

С. ҚАЮМОВ,
Совет ауданы.

Творчестволық марксизмнің классикалық шығармасы

В. ШУТОЙ.

Тарих ғылымдарының кандидаты.

☆

Бұдан елу жыл бұрын В. И. Лениннің «Социал - демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасы» дегіні тарихи еңбегі жарыққа шықты. В. И. Ленин бұл еңбегін 1905 жылғы июнь-июльде, бірінші орыс революциясы өрлеп бара жатқан кезде, пролетариаттың партиясынан бұқараның революциялық күресіне дұрыс және берік саяси басшылық талап етілген кезде жазды.

Тұңғыш рет Лениннің кітабы Женевада 1905 жылы июльдің аяқ кезінде, демек партияның III съезінен кейін екі ай өткен соң басылып шықты. Россияда аса қатал тыйым салушы тәртіпке қарамастан Лениннің еңбегі бүкіл елге, әсіресе Петербург, Москва, Казан, Тифлис, Баку және басқалары сыяқты ірі өнеркәсіп орталықтарында кеңінен таратылды. Тек РСДЖП-ның Москва комитеті ғана Лениннің кітабын он мың дана етіп басып шығарды.

Лениннің «Социал-демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасында» баяндалған идеялары партияның III съезінде толық мақұлданды. Лениннің кітабы өрістеп бара жатқан революцияда Коммунистік партия мен жұмысшы табының алдында тұрған жаңа тарихи жағдайлар мен жаңа міндеттерге сәйкес марксизмді творчестволықпен дамытудың айқын үлгісі болып табылады.

Өзінің еңбегінде Ленин буржуазиялық-демократиялық революция кезеңіндегі революцияшылар марксистік партияның жаңа типті партияның тактикасын данышпандықпен негізден берді және меньшевиктер мен халықаралық оппортунизмнің опасыздық тактикасын әшкереледі. Творчестволық марксизмді нағыз бейнелеуші ретінде Ленин II Интернационал партия-

ларында үстемдік еткен буржуазиялық революция және жұмысшы табының тактикасы туралы дәурені өткен ескі түсініктердің тәжірибесі талқанын шығарды.

Маркстің пролетариаттың саяси стратегиясы мен тактикасы туралы пікірлерін дамыта отырып, Ленин жаңа тарихи жағдайда, империализм және пролетар революциялары дәуірінде, халықаралық жұмысшы қозғалысы және орыс революциясының тәжірибесі негізінде буржуазиялық-демократиялық революцияда пролетариаттың революцияшылар демократиялық күштерге басшылық етуі туралы терең білім жасады, жұмысшы табы мен шаруалардың одағы туралы қағида айтып, бұл одақтың царизмді, помещиктер мен буржуазияны құлатудың басты құралы ретіндегі ролін ашып берді.

Революцияның жаңа теориясын жасап, пролетариаттың революциядағы жаңа тактикасын негіздеп беріп, Ленин орыс марксистерің революциялық күрестің айқын және дәл программасымен қаруландырды, социалистік революцияның жеңіс жолын, пролетариат диктатурасының біздің елімізде жаңа мемлекеттік және қоғамдық құрылыстың жеңіс жолын данышпандықпен көрсетіп берді.

Россиядағы 1905—1907 жылдардағы революция империализм дәуіріндегі бірінші халықтық революция болды. Бұл революция патша самодержависін шайқалғып, помещиктер мен капиталистердің үстемдігіне елеулі соққы болып тиді және В. И. Лениннің тамаша анықтамасы бо-

йынша, ұлы Октябрь социалистік революциясының кіріспесі мен шешуші ретіциясы болды.

XVIII—XIX ғасырларда Батыста болған буржуазиялық революциялардан ерекше, Россиядағы буржуазиялық-демократиялық революцияның жетекші күші буржуазия емес, қоғамның нағыз революцияшылары табы — жұмысшы табы болып табылды. Империализм дәуірінде саяси күшке айналған орыс буржуазиясы реакцияшыл күш болды. Оның өзі әлсіз және самодержавиеден тәуелді болып, царизммен үемі келісімге келуге тырысты және революцияшыл халықтан қорқып, оны өлердей жек көрді. Сондықтан да революция өзінің буржуазиялық-демократиялық сыйпатына қарамастан буржуазияға қарсы бағытталды.

Алайда өзінің қоғамдық-саяси мазмұны жағынан буржуазиялық бола отырып, бұл революция өзінің қозғаушы күштері жағынан, Ленин көрсеткендей, бүкіл жұмысшы табын, бүкіл шаруаларды қамтыған халықтық революция болды. Ол сонымен бірге пролетариаттың жетекшілік ролі және күрес құралдары жағынан пролетарлық революция болды.

Революция кескілескен тап күресі жағдайында басталып, өрістей түсті. Революция басталар қарсаңында Россия жұмысшы табының самодержавие мен буржуазияға қарсы күресуінің көпжылдық тәжірибесі бар еді.

Өрістеп бара жатқан революцияға көзқараста, оның сыйпатын қозғаушы күштері мен перспективаларын, пролетариат пен шаруалардың революциядағы ролі мен міндеттерін бағалауда екі тактикалық линия — большевиктік және меньшевиктік линиялар белгіленді.

Большевиктер мен меньшевиктердің арасындағы тактикалық алауыздықтарды РСДЖП-ның тек большевиктер ғана қағысқан III съезінің және меньшевиктердің Женева конференциясының қарарлары бейнелеп берді. Бұл іс жүзінде жұмысшы қозғалысындағы әртүрлі екі партияның — буржуазия мен пролетариат сыяқты екі таптың мүдделерін бейнелейтін оппортунистік және революциялық партияның екі тактикасы болды.

РСДЖП-ның большевиктік III съезі пролетариаттың революция көсемі ретіндегі негізгі міндетін анықтап, революцияның бірінші сатысындағы партияның жалпы стратегиялық жоспарын жасады. Бұл жоспар мынада: бүкіл шаруалармен одақтаса отырып, буржуазияны сырт қалдыру арқылы пролетариат буржуазиялық-демократиялық революцияның шешуші жеңісі жолында күрес жүргізуге және бұл революцияның социалистік революцияға ұласу мүмкіншілігін қамтамасыз етуге тиіс.

Женева конференциясының тактикалық қарарлары пролетариаттың революциядағы гегемониясын және жұмысшы табы мен шаруалардың одағын жоққа шығарды, бұл қарарлардың бүкіл өне бойында революцияның жеңіске жету мүмкіндігінен үрейлену және жұмысшы табын буржуазияның басшылығына бағындыруға тырысушылық көрініп тұрды. Бұл революцияға опасыздық жасау тактикасы еді.

Партияның III съезінің қарарларын большевиктердің революциядағы стратегиялық жоспары мен тактикалық линиясын теориялық жағынан данышпандықпен негіздеу, сондай-ақ меньшевиктердің оппортунистік тактикасын өлтіре сынау В. И. Лениннің «Социал-демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасы» дегіні кітабында берілді.

В. И. Лениннің бұл аса көрнекті шығармасында марксизмнің тарихында ең тұңғыш рет империализм дәуіріндегі буржуазиялық-демократиялық револю-

цияның ерекшеліктері туралы, бұл революцияның қозғаушы күштері мен перспективалары туралы мәселе терең байымдалды. Россияның әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуына, дүниежүзілік революциялық қозғалыстың тәжірибесіне ғылыми талдау жасау негізінде В. И. Ленин пролетариат буржуазиялық-демократиялық революцияда, қандай да болса халықтық революцияда көсем, гегемон бола алады және болуға тиіс деген идеяны негіздеп берді. Ленин революцияның қандай да болса бір нәтижемен аяқталуы жұмысшы табының не буржуазияның көмекшісі ролін атқаруына, не халықтық революцияға жетекшілік ролін атқаруына байланысты деп көрсетті. Лениндік бұл идея Коммунистік партияның стратегиясы мен тактикасына негіз болды.

В. И. Ленин либералдық буржуазияның контрреволюциялық ролін әшкерелеп, оның жұмысшылар мен шаруалардың царизмді жеңуінен қорқатындығын, царизммен шешуші күрес жүргізуге қабілетсіз екендігін, оның патшамен ауыз жаласып, нағыз реакцияшыл күштердің бәрімен де келісімге келуге, революцияны өрістетуге емес, оны тұншықтыруға тырысатындығын көрсетіп берді. Сондықтан либералдық буржуазияны сырт қалдыру пролетариаттың революциядағы жетекшілік ролінің қажетті шарты болып табылады.

Ленин меньшевиктердің тактикасын өлтіре сынады. Олардың тактикасы революцияда либералдық буржуазияның гегемониясына, революцияны ұсақ реформалармен ауыстыруға, самодержависілік құрылысты сақтап қалуға бағытталған еді. Ленин былай деп атап көрсетті: марксизм пролетариатты буржуазиялық революциядан тыс қалмауға, оны басқаруды буржуазияның қолына бермеуге, қайта соған қатысып, пролетарлық демократизмнің дәйектілігі жолында, революцияны ақырына дейін жеткізу жолында танды күрес жүргізуге үйретеді.

Ленин буржуазиялық-демократиялық

революцияның екі түрлі болып аяқталуы мүмкін екендігін алдын-ала көрді: біріншіден, революция халықтың жеңісімен, царизм құлатылып, демократиялық республиканың орнатылуымен аяқталуы мүмкін, немесе, егер күш жетпесе, халық есебінен патша мен буржуазия арасындағы келісіммен аяқталуы мүмкін. Мұның бәрі пролетариаттың революцияда көсемдік, гегемондық ролін атқаратынына немесе атқара алмайтындығына байланысты болды. Пролетариаттың революциядағы өзінің жетекшілік ролін жүзеге асыруға барлық мүмкіншіліктері бар екендігін Ленин дәлелдеп берді. Пролетариат сол кездегі қоғамның ең алдығы қатарлы, неғұрлым ұйымдасқан, ақырына дейін дәйекті, бірден-бір революцияшыл тап болып табылады; пролетариаттың өзінің алдығы қатарлы ұйымдасқан отряды, өзінің буржуазиядан тәуелсіз марксистік теориямен қаруланған саяси партиясы бар; пролетариат буржуазияға қарағанда буржуазиялық-демократиялық революцияны ақырына дейін жеткізуге әлдеқайда мүдделі.

Ленин жұмысшы табына тап өзі сыяқты царизмді түпкілікті жеңуге мүдделі және сонымен бірге пролетариаттың жетекшілігін қабылдауға бейім бола аларлықтай одақтас тап керек деп көрсетті. Пролетариаттың мұндай табиғи одақтасы ретінде Ленин Россияның сан миллиондаған шаруаларын есептеді.

В. И. Ленин пролетариаттың жетекшілік ролін сақталған жағдайда жұмысшы табы мен шаруалардың одағы туралы идеяны жан-жақты тұжырымдап, сол кездегі нақтылы тарихи жағдайда бұл таптардың одағы халықтық революцияның жеңуінің қажетті шарты болып табылады деп көрсетті. Жұмысшы табы мен шаруалардың одағы туралы Лениндік идея большевиктердің революциялық тактикасы мен меньшевиктердің оппортунистік тактикасы арасындағы жікті айқындай түсті.

Облыс колхоздарында мемлекетке сүт, ет тапсыру және сату жөніндегі жылдық жоспардың орындалу барысы туралы

1955 ЖЫЛҒЫ 1 АВГУСТАҒЫ МӘЛІМЕТ

(Жоспардың орындалу проценті)

Аудандар	сүт дайындау	ет дайындау
Полудень	95,3	79,8
Петропавл	85,5	70,6
Соколов	71,3	64,9
Кониюхов	68,0	55,2
Булаев	63,3	67,3
Преснов	49,7	61,7
Мамлют	47,4	53,5
Приешім	47,2	71,2
Совет	44,1	24,5
Ленин	41,8	41,0
Октябрь	36,1	41,2

Облыстың бірқатар колхоздары мал шаруашылығы өнімдерін арттырудың резервтерін ашып, оны толық пайдалана отырып, кейбір табыстарға ие болып келеді. Кониюхов ауданындағы Мичурин атындағы, Молотов атындағы, «Красная крепость», Соколов ауданындағы «Победа», Петропавл ауданындағы Киров атындағы, «Луч Ленина», Булаев ауданындағы «Коминтерн» колхоздары мал шаруашылығы өнімдерін арттыра отырып, бұл өнімдерді мемлекетке тапсырудың және сатуың жарты жылдық жоспарын толық орындады. Мемлекетке мал шаруашылығының өнімдерін тапсыруда әсіресе Суворов МТС-і аймағындағы колхоздар жоғары көрсеткіштерге ие болуда. МТС қамтыттын колхоздарды тұтас алғанда бірінші жартыжылдық жоспар сүт тапсырудан 116 процент, ет тапсырудан 105 процент және жүн тапсырудан 131 процент орындалды. Мал өсірушілер барлық ішкі мүмкіншіліктерді тиімді пайдалана отырып, мал шаруашылығы өнімдерін өндіруде әлі де қажырлы еңбек етіп келеді.

Алайда, кейбір колхоздардың МТС-тердің басшылары, жергілікті партия ұйымдары, мал шаруашылығының мамандары колхоз өндірісінің ішкі резервтерін іздеп табуы және оны пайдалануды ескермейді. Мал өсірушілерді мал шаруашылығының өнімділігін арттыру жөніндегі аса зор міндеттерді орындауға жұмылдырып отырмайды. Осының салдарынан бірқатар колхоздарда мал шаруашылығының өнімдері бұрынғысына төмен күйінде қалып отыр, ал мемлекетке мал шаруашылығы өнімдерін тапсыру жоспарының орындалу барысы өте-өте баяу.

Әсіресе Ленин, Октябрь, Совет аудандарының колхоздары мемлекетке мал шаруашылығы өнімдерін тапсыруда артта қалып келеді. Бұларда 1 августқа дейін сүт тапсыру жоспары 36—47 процент, ет тапсыру жоспары 24—41 процент қана орындалды. Мұның өзі аталған аудандарда сүт, ет тапсырудың барысы өткен жылдағыдан да нашар болып отырғанын көрсетеді.

Істің жайы Приешім ауданының колхоздарында да осындай. Бұл аудандағы Приешім МТС-нің қамтуындағы колхоздар барлық сауылған сүттің 45 процентін ғана мемлекетке тапсырған. Ал Куйбышев атындағы колхоз сауылған сүттің 70 процентін ішкі шаруашылық қажетіне жұмсап жіберген. Сондай-ақ Каганович атындағы колхоз бес ай ішінде әрбір сыйырдан алынған 233 литр сүттің небары 93 литрін ғана дайындау орындарына тапсырған.

Бұл жағдай МТС директоры Нечипуренко, бас зоотехник Черноушинина жолдастардың колхоздарда мал шаруашылығы өнімдерін мемлекетке тапсыру ісіне басшылық етпейтінін көрсетеді. Олар еіре СОКП Орталық Комитеті январь Пленумының машина-трактор станциялары колхоздарда ауылшаруашылық өнімдерін өндіруге ғана емес, сонымен бірге ол өнімдерді мемлекетке тапсыру және сату ісіне басшылық жасауға міндетті деп атап көрсеткенін ұмытса керек.

Колхоз, МТС басшыларының мал шаруашылығы өнімдерін мемлекетке тапсыру, сату ісіне басшылық етуді едәуір болашақта алуы себепті 1 августқа дейін облыс колхоздары бойынша сүт тапсыру-

дың жоспары 52,9 процент, ет тапсырудың жоспары 54,5 процент қана орындалды.

Мемлекетке мал шаруашылығының өнімдерін тапсыруда мұндай баяулыққа бұдан әрі жол беруге болмайды. Сондықтан да колхоз, МТС басшылары мен мал шаруашылығының мамандары сыйырлардың сүттілігін арттыра беруге барлық мүмкіншіліктерді тиімді пайдалануды ұйымдастырулары қажет. Осы уақытқа дейін кейбір колхоздарда малды жайып семірту, бордақылау жұмыстары жолға қойылмай келеді. Мұндай кемшіліктерді жоюдың шараларын белгілеп, оларды шұғыл жүзеге асыруды ұйымдастыру керек.

Үстіміздегі жылы Приешім ауданының колхоздары ет үшін мемлекетке тапсырған малдың 79 процентінің қоңдылығы ортадан төмен, сол сияқты, Преснов ауданының колхоздарында мемлекетке тапсырылған малдың 64 процентінің қоңдылығы төмен болды. Мұның өзі әрі колхоздарға, әрі мемлекетке едәуір зиян келтіріп отыр. Егер колхоз басшылары ет үшін мемлекетке тапсырылатын малдарды семіртуді дұрыс ұйымдастырған болса, бұл аудандар тапсырылған мал өсебінен ет тапсыру жоспарын жөзіргіден едәуір артық орындаған болар еді.

Облыс колхоздарында мемлекетке мал шаруашылығының өнімдерін тапсыру ісінің қанағаттанғысыз болып отырғанына дайындау органдарының қызметкерлері де кінәлі. Өйткені олар колхоздарда өте сирек болады.

Облыс колхоздарында мал шаруашылығының өнімділігін арттырып, бұл өнімдерді мемлекетке көптеп тапсыруға зор мүмкіншіліктер бар. МТС, колхоз басшылары, мал шаруашылығының мамандары және жергілікті партия ұйымдары сол мүмкіншіліктерді неғұрлым тиімді пайдалануды ұйымдастыра отырып, үстіміздегі жылы мал шаруашылығы өнімдерін мемлекетке тапсыру және сату жөніндегі жоспарды әрбір колхоз бойынша толық орындауды қамтамасыз етулері керек.



Петропавлдың техникалық мектебі жанынан тепловозшылар даярлайтын алты айлық курс ұйымдастырылды. Барлық курсанттар мектепте лекциялар тыңдаумен бірге техникалық кітапханадан тепловоз жөніндегі әдебиеттерді алып пайдаланады.

СУРЕТТЕ: курс тыңдаушысы машинист А. Шуринов техникалық кітапханадан тепловоз жөніндегі кітаптарды таңдап алып тұр. Сол жақта кітапхана меңгерушісі З. Семухина жолдас.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

Жоғары дәрежелі агротехниканы қолданудың нәтижесі

ЗЫРЯН. (Шығыс Қазақстан облысы). (КазТАГ). Соловьев МТС-інің комбайншысы Федор Лаптев Зырян ауданының Киров атындағы колхозында егін жыйнау жұмысын жедел қарқынмен жүргізуде. «Сталинец—6» маркалы комбайнмен ол бір аптаның ішінде 138 гектар егін орып, 2 мың центнердей астық бастырды. Осы шаруашылықта жұмыс істейтін комбайншылар Кравченко, Семейнов және басқалары гектарына 14 центнерден 21 центнерге дейін күздік қара бидай мен бидай бастыруда. Жоғары дәрежедегі агротехника әдістерін қолданудың нәтижесінде колхоз ауа райының жардайы қолайсыз болғанына қарамастан егіннен жақсы өнім алды. Мұнда күздік қысқа мерзімінде және жақсы өңделген парға егілген болатын. Қыста барлық жерде қар тоқтатылды. Ал көктемде қар суы бегелді, жер ерте тырмаланды, күздік егіннің арам шөбі оталды.

Зырян ауданының Молотов атындағы

Село көркемөнер дарындыларына қамқорлықты күшейте берейік

Коммунистік партия мен Совет үкметінің әкелік қамқорлығы арқасында қазақ халқының түрі ұлттық, мазмұны социалистік мәдениеті күннен-күнге өсіп, гүлденіп келеді. Совет өкметі жылдарында қазақ халқының мәдениеті бұрын соңды болып көрмеген дәрежеге көтеріліп, көп ұлтты совет мәдениетінің құрамды бір бөлігіне айналды.

Біздің мәдениет саласында аса зор табыстарға жетіп отырғандығымыздың басты сыры социалистік қоғамның халықтық көркемөнер творчествосының өсуіне кең жол ашуында. Партия мен үкмет Ұлы Отанымыздың экономикалық өшпін-қуаты мен қорғанымаздық қабілетін үнемі арттырып отырумен қатар еліміз еңбекшілерінің материалдық әл-ауқаты мен мәдени-тұрмыс дәрежесінің жоғары болуына қамқорлық жасап келеді. Біздің елімізде халықтық өнердің қанатын кең жайып өркендеуіне барлық жағдай жасалған.

Өнерпаздар халық арасынан шығады. Өздерінің тамаша дарындарымен әлемге мәлім болған еңбек ерлері де, атақты өншілер де, асқан өнерпаздар да халықтың қалың ортасынан шыққандар. Көзір асқан сахна шеберлері ретінде республика жұртшылығына кеңінен танылып отырған Күләш Байсейтова, Қанабек Қуанышбаев, Елубай Өмірзақов сияқты үздік таланттар халық ортасынан шыққан және халықтық искусстводан нәр алғандар.

Советтік қоғамның халық таланттарын ашуда және олардың өнерін дамытуда шешуші роль атқарып отырғандығын қазақ халқының көзіргі өмірінен айқын көруге болады. Бір кезде ұлы талантының қанатын өркін жаза алмай, қара түнек өмірдің құшағында халық мұңын өркін жырлай алмаған Жамбыл тек совет өкметі жылдарында ғана өзінің терең мазмұнды, тамаша көркем шығармаларымен әлемге танылды. Халық күйінің қазнасы атанған Дина Нурпейісованың тамаша таланты да совет өкметі жылдарында қанықтанып, бүкіл совет адамдарына өркін естілді.

Көркемөнер дарындылардың тәрбиелеуде және олардың шеберліктерін арттыруда селолық жерлерде көркемөнерпаздар үйірмелерінің зор роль атқаратыны кімге болса да мәлім. Шындығында селолық жерлердегі халық таланттарының алғашқы мектебі осы көркемөнерпаздар үйірмесі болып табылады. Көркемөнерпаздар үйірмесінде алғаш рет өнер көрсетіп, өз шеберліктерін жетілдіру нәтижесінде көзір жұртшылыққа кеңінен таныс болып отырған аса ірі мәдениет қайраткерлерін біздің елімізден көптеп жездестіруге болады. Қазақтың Еңбек Қызыл Ту орденді ака-

тамаша сахна шеберлері ретінде жұртшылыққа танылды. Ал осы аудандары «Баян» ауылшаруашылық артелінің мүшесі Барқытова жолдас республикалық байқауда жүлделі орынға ие болып, Алматыдағы консерваторияға оқуға қабылданды.

Біздің облысымызда селолық көркемөнерпаздар үйірмелері жылдан-жылға көбейіп келеді. Мұның өзі село еңбекшілері мәдениетінің барған сайын артып отырғандығын дәлелдейді. Мәселен, жуырда болып өткен селолық көркемөнерпаздардың облыстық байқауына 11 ауданнан 800-ге жуық көркемөнерпаздар қатысты. Олардың басым көпшілігі колхоздар мен совхоздардың егін даласында тың және тыңайған жер игеріп жатқан егіншілер мен механизаторлар. Бұл байқауда Преснов ауданының көркемөнерпаздары облыс бойынша бірінші орынға ие болып, өздерінің өсіп келе жатқан творчестволық коллектив екендігін таныта алды.

Сонымен бірге бірқатар аудандарда көркемөнерпаздардың жұмысына жемістілік дәрежеде мән берілмейтіндігі де байқалды. Бұған мысал ретінде Петропавл, Соколов, Мамлют аудандарын алуға болады. Бұл ауданның басшылары жергілікті жерлердегі мәдени-ағарту мекемелерінің жұмысына қамқорлық жасауды мүлде естен шығарған, халық таланттарының өсуіне қажетті жағдайлар туғызбаған. Соның салдарынан облыстық байқауға бұл аудандан келген көркемөнерпаздар дарындыларының шеберліктері ойдарыдай болмады.

Көркемөнер— халық творчествосы. Сонымен қатар ол халықтың рухани өмірінің күесі. Сондықтан да жергілікті жерлерде көркемөнерпаздар дарындыларының шеберліктерін арттыруға және олардың ойдарыдай жұмыс істеуіне қажетті жағдайлардың туғызылуы бүгінгі таңдағы зор маңызы бар міндеттердің бірі болып табылады. Айта кету керек, облысымыздың бірқатар аудандарында жергілікті партия, совет, кәсіподақ және комсомол ұйымдары көркемөнер дарындыларының жұмысы жөнінде тек мейрамдар мен байқау кездерінде ғана еске алады.

Облыстық және аудандық мәдениет бөлімдері көркемөнер дарындыларының жұмысын жақсартуда шешуші роль атқаратындығы мәлім. Солай бола тұрса да осы уақытқа дейін бұл бөлімдердің басшылары жергілікті жерлердегі мәдени-ағарту мекемелерінің жанынан көркемөнерпаздар үйірмелерін ұйымдастырып, бұл үйірмелердің ойдарыдай жұмыс істеуі үшін қажетті жағдайларды туғызуға мүмкіншілік жасауды естен шығарып

Облыс совхоздарында мемлекетке сүт және ет тапсыру жөніндегі жылдық жоспардың орындалу барысы туралы

1955 ЖЫЛҒЫ 1 АВГУСТАҒЫ МӘЛІМЕТ

(Жоспардың орындалу проценті)

Совхоздар	сүт дайындау	ет дайындау
696 килограмм, Октябрь совхозында 739 килограмм, Қызылоскер совхозында 805 килограмм ғана болды. Бұл совхоздарда		

отырып, мал шаруашылығы өнімдерін едәуір арттырып келеді. Мысалы, Мамлют совхозының мал өсірушілері сыйыр-

696 килограмм, Октябрь совхозында 739 килограмм, Қызылоскер совхозында 805 килограмм ғана болды. Бұл совхоздарда

Мамлют	33,8	33,4
Қарағанды	50,5	53,9
Преснов	47,5	44,6
Чистов	47,5	17,7
Узынкөл	44,5	64,7
Совет	42,5	31,2
Возвышен	40,1	32,4
Шағлы	38,7	40,0
Петропавл	37,8	—
Тоқшын	36,1	27,5
Явленка	35,2	29,4
Қыялы	35,1	26,4
Буденный	35,0	2,0
Приешім	34,3	10,1
Торангүл	28,5	49,9
Қызылжар	27,3	74,1
Степной	26,6	18,4
Октябрь	23,3	22,2

Алдыңғы қатарлы совхоздардың мал өсірушілері СОКП Орталық Комитетінің январь Пленумы қаулысын жүзеге асыра

сүтті сүттің быны едәуір арттырды. Сөйтіп үстіздегі жылдың 1 авгуына дейін өткен жылдың осы уақытымен салыстырғанда мемлекетке 360 центнер сүтті артық тапсырды. Ал Явленка совхозы осы уақыттың ішінде 1509 центнер сүтті өткен жылғыдан артық тапсырды.

Алайда облыс совхоздарын тұтас алғанда мемлекетке мал шаруашылығы өнімдерін тапсырудың жайы өте-өте қанағаттанғысыз. Әсіресе Октябрь, Степной, Қызылжар, Торангүл, Приешім, Буденный, Қыялы совхоздарында жоспардың орындалуы нашар. Осыған қарамастан бұл совхоздардың директорлары, партия ұйымдарының секретарьлары, мал шаруашылығының мамандары сыйырлардың сүттілігін арттыру арқылы мемлекетке сүтті көп тапсыру шараларын қарастырмай отыр. Мысалы, жеті ай ішінде әрбір сыйырдан алынған сүт Степной совхозында 680 килограмм, Торангүл совхозында

сауын малдары тек өріске жайылады да, қолдан азықтандырылмайды. Соның өзінде мал жайылымдары қалай болса солай пайдаланылады. Сыйырлар мезгілімен суарылмайды.

Мемлекетке сүт тапсыру ісі жаңа совхоздарда да нашар ұйымдастырылған. Тіпті Булаев (директоры Кержнер жолдас), Маленков атындағы (директоры Лизунов жолдас), Москворецк (директоры Гусев жолдас), Интернационал (директоры Лысенко жолдас) совхоздары осы уақытқа дейін мемлекетке сүт тапсыру ісіне қатыспай отыр. Бұл совхоздардағы сауықтанған сүт совхоз басшыларының салақтығынан талан-таража түседі.

Мал шаруашылығы өнімдерін дайындау совхоз жұмысшыларының алдында тұрған аса маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Бұл міндетті қалтқысыз орындауға барлық совхоздарда толық жағдай бар.

Алайда атындағы ауылшаруашылық артельдері мен басқа да кейбір шаруашылықтары көлемді учасоктарда гектарына 20 центнерге жететін мөлшерде жақсы өнім жыйнауда.

Сүтті өткен жылғыдан 100 мың литр артық алды

ИЛЫЧ, (Оңтүстік Қазақстан облысы). (ҚазТАГ). «Мақтарал» совхозының коллективі жүгеріні бітік өсіріп, көзіргі кезде 8.600 тонна жүгері сүрлеп жатыр. Сүрлегіш құрылыстар қажетті мөлшерде әзірленді. Совхоз өткен жылы жүгеріні бірінші рет сүрлеп, оны сыйырларға берілетін азық мөлшеріне қосқан болатын. Мұның нәтижесінде қыста сыйырлардан да көп сүт сауылды. Быйыл мұнда 1954 жылғы осы уақыттағыдан жүз мың литр сүт артық сауылды.

опера және балет театрының ірге тасын қаласқан аса ірі мәдениет қайраткерлерінің көпшілігі өздерінің бірінші сахналық шеберліктерін көркемөнерпаздар үйірмесінде көрсетіп, кейіннен жұртшылыққа танығандар.

Көркемөнерпаздар үйірмесі — халық таланттары тәрбиелейтін алғашқы мектеп. Сондықтан да халық таланттарын тәрбиелеуге жергілікті жерлердегі көркемөнерпаздар үйірмесіне көп міндеттер жүктеледі. Көркемөнерпаздар үйірмесінің игілікті жұмыстар атқарып отырғандығын мынадан байқауға болады: өткен жылы село өнерпаздарының республикалық байқауында Преснов ауданындағы Молотов атындағы ауылшаруашылық артелинің өнерпаздары бірінші орынға ие болды. Осы селонның көркемөнерпаздар үйірмесінің мүшелері тіркеуші Ирма Герг, тракторшы Юрий Коробко, сауыншы Тамара Трифонова сыяқты жолдастар

совхоздардағы көркемөнер үйірмелерінің жұмыстары үшін аса қажетті құрал-жабдықтардың, киімдердің, қажетті бояулардың жеткілікті болмауы бұған толық дәлел бола алады.

Көркемөнердің халық тілегіне сай дәрежеде өсуі үшін маман кадрлар керек. Біздің облысымызда әлі де болса хор, музыка, драма және би коллективтерінің жұмыстарын ойдағыдай ұйымдастыра білетін адамдар жетіспейді. Сол сыяқты нота, репертуар жыйнақтары сыяқты көрнекі құралдар да жоқ.

Халық таланттары — халық қызметшісі. Жергілікті партия және совет ұйымдары өзат мәдениетіміздің қайраткерлерін тәрбиелейтін көркемөнерпаздар үйірмесінің жұмысына басшылықты бұрынғыдан да жандандыра түсіп, халық таланттарына қамқорлықты жақсартып берулері керек.

М. РАМАЗАНОВ.

Көзқарастары кадеттермен сәйкес келген меньшевиктер шаруалар пролетариаттың одақтасы болуға қабілетсіз деп есептеп, шаруаларға буржуазияның революциядағы резерві болу ролін тапды. Мұндай антимарксистік былындарды әшкерелей келіп, Ленин жеңімпаз революциясыз шаруалар жер ала алмайтындығын және помещиктердің жер иемденушілігін жоя алмайтындығын, олай болса шаруалардың жер үшін күресі самодержавие мен помещиктерге қарсы бағытталған жалпы-демократиялық қозғалыстың бір бөлігі болып табылатындығын дәлелдеп берді.

Россия пролетариатының саяси жетілгендігі мен ұйымшылдығы, оның Коммунистік партияның басшылығымен үш революцияда, азамат соғысында, социализм орнатудың бейбіт кезеңінде, Ұлы Отан соғысында және соғыстан кейінгі кезеңде атқарған көрнекті ролі Лениннің пролетариаттың революциядағы және социализм құрылысындағы жетекшілік ролі туралы идеясының ұлы өмірлік күшінің айқын айғағы болып табылады.

Пролетариаттың гегемониясы туралы идея халықаралық жұмысшы қозғалысының тәжірибесінде дәлелденді. Бұл идея Европа халықтарының фашизмге қарсы азаттық күресінде өзін толық ақтады және кәзір де өздерінің ұлттық тәуелсіздігі үшін күресіп жатқан елдерде дәлелденуде. Пролетариат кәзіргі қоғамның нағыз дәйекті және революцияшылы табы ретінде қанаушыларға қарсы күресте еңбекшілер бұқарасының көсемі болуға тиіс деген лениндік қағида жұмысшы табының бірлігін жүзеге асыруда, жұмысшы қозғалысындағы реформизмді жоюда және демократияшыл күштерді коммунистік партиялардың маңына топтастыруда көрнекті рөл атқарады.

Жұмысшы табы мен шаруалардың одағы туралы лениндік идея ұлы қытай халқының және халықтық демократия елдерінің тарихи жеңістерімен дәлелденді. Совет Одағының тәжірибесін пай-

далана отырып, бұл елдердің жұмысшылары шаруалармен бірге, коммунистік партиялардың басшылығымен жұмысшы табының жалпы жетекшілік етуі арқылы берік саяси одақ жасады. Барлық еңбекшілерді біріктірген жұмысшылар мен шаруалардың бұл революциялық одағы халықтық демократиялық құрылыстың негізі болып алып, реакцияшыл тәртіптерді, помещиктік шаруашылықтарды жоюға және жерді шаруаларға беруге мүмкіндік тугызды, сондай-ақ фабрикалардың, заводтардың, темір жолдардың, банкттердің халықтық-демократия елдерінде түбірлі социалистік өзгерістерді жүзеге асырып жатқан шын мәніндегі революцияшыл жаңа мемлекеттік өкметтің қолына көшуін қамтамасыз етті.

В. И. Лениннің «Социал-демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасы» дейтін кітабында еңбекшілердің революцияның жеңісі жолындағы күресінің жолдары мен құралдары туралы мәселе жан-жақты шешілді. Бұлардың ішінде өте-өте маңыздысы, деп есептеді В. И. Ленин Париж коммунасының тәжірибесіне сүйеніп, бүкілхалықтық қарулы көтеріліс болып табылады. Маркс пен Энгельс қайтыс болғаннан кейінгі жерде Ленин ең тұңғыш рет практикалық міндет ретінде қарулы көтерілісті ұйымдастыру туралы мәселе қойды. Ал бұл мәселенің шешілуіне партияның революция кезіндегі бүкіл қызметі бағындырылды.

Халықты қарулы көтеріліске әзірлеп, оны нағыз бүкілхалықтық революция ету үшін Ленин бірқатар саяси ұрандарды алға қойды. Мұндай ұрандар бұқаралық-саяси стачкаларды қолдану, революциялық жолмен дереу сегіз сағаттық жұмыс күнін жүзеге асыру, помещиктердің жерлерін конфискулеуге дейін деревняда революциялық өзгерістерді жүргізу үшін дереу революцияшыл шаруа комитеттерін ұйымдастыру, жұмысшыларды қарулан-

дырып, революциялық армия құру болып табылды.

Лениндік бұл ұрандар маркстік партияның революциялық күресінде, бұқараны бүкілхалықтық қарулы көтеріліске әзірлеуде зор роль атқарды. Бұқаралық саяси стачкаларды қолдану бұқараны революциялық іске жұмылдыруда және оларды царизмге қарсы ашық күреске қамтуда бірінші дәрежелі маңызы бар іс болды. Бұл пролетариаттың қолындағы ете маңызды жаңа тактикалық қару еді.

Сегіз сағаттық жұмыс күнін және деревнядағы демократиялық өзгерістерді революциялық жолмен жүзеге асыру царизмнің заңдарын талқандап, оның өкмет аппаратының берекесін кетіру және бұқараның белсенділігіне ерік беру деген сөз еді. Осы тактиканың негізінде 1905 жылғы революцияның қызу күндерінде қалаларда революциялық стачкалық комитеттер, ал деревняларда революциялық шаруа комитеттері пайда болды. Бұлардың алғашқылары кейінде жұмысшылар депутаттарының Советтеріне, ал екіншісі шаруалар депутаттарының Советтеріне барып ұласты. 1905 жылғы туған Советтер революциялық жаңа өкметтің, 1917 жылғы жеңіске жеткен Совет өкметінің бастамасы болды.

Ленин революцияның негізгі мәселесі — мемлекеттік өкмет туралы мәселені жаңаша шешті. Жетекшісі және басты қозғаушы күші пролетариат болып табылатын Россиядағы буржуазиялық-демократиялық революция жаңа тарихи жағдайларда пролетариат пен шаруалардың буржуазиялық-демократиялық диктатурасына жеткізуге тиіс екендігін Ленин дәлелдеп берді. Лениннің ойынша, бұл диктатураның саяси органы қарулы халыққа сүйенетін революциялық уақытша үкмет болуға тиіс. Революциялық уақытша үкметтің міндеттері — революцияның жеңістерін бекіту, самодержавие-ни демократиялық республикамен ауыс-

тыру, саяси бостандықтарды қамтамасыз ету, Құрылтай жыйналысын шақыру, халықты қаруландыру, сегіз сағаттық жұмыс күнін орнату, деревняда демократиялық өзгерістер жүргізу, езілген халықтарға бостандық әперу, контрреволюцияның қарсылығын аяусыз басып-жаншу. Пролетариат пен шаруалардың революциялық-демократиялық диктатурасы пролетариаттың социалистік диктатурасы үшін негіз әзірлеуге тиіс болды.

Лениндік тактикалық жоспардың аса зор ұлылығы сол, мұның өзі орыс өмірінің шыңдығын түгелдей бейнеледі. Халық бұқарасын царизмге қарсы белсенді революциялық күреске көтеріп, оларға жеңіске жететін тура және дұрыс жолды көрсетті, революцияны алға жылжытты. Революциялық уақытша үкметке пролетариат партиясының қатысуы туралы лениндік нұсқаулардың кәзіргі кезде де шетелдердегі коммунистік және жұмысшы партиялары үшін принципнолды зор маңызы бар.

Партия мен жұмысшы табы алдындағы Лениннің ұлы еңбегі сол, ол екінші интернационал оппортунистері ұмыт қалдырған үздіксіз революция туралы, революциялық шаруалар қозғалысын пролетариат революциямен ұштастырудың қажеттігі туралы Маркстің данышпандық тактикалық қағидаларын тірітті. Бұл қағидаларға сүйене отырып, Ленин ХХ ғасырдың бас кезіндегі Россиядағы тарихи жағдайларға терең талдау жасау негізінде буржуазиялық-демократиялық революцияның социалистік революцияға ұласуы туралы жаңа теорияны негіздеді.

Социалистік революцияның лениндік теориясы бойынша, пролетариат пен шаруалардың одағы жағдайындағы буржуазиялық-демократиялық революциядағы пролетариаттың гегемониясы пролетариаттың және басқа да еңбекшілер мен қаналушы бұқараның одағы жағдайындағы

пролетариаттың социалистік революциядағы гегемониясына ұласуға тиіс. Революцияның ұласуы туралы теория және бұған қосымша империалистік қайшылықтарға жасалған талдау Ленинге социализмнің бір елде жеңу мүмкіндігі туралы қорытынды шығаруға мүмкіндік берді. Жұртқа мәлім, бұл кеңестер қорытынды бір жолата 1915 жылғы августа, Лениннің «Европа Құрама Штаттарының ұраны туралы» дейтін атақты мақаласында жасалды.

Социалистік революция туралы лениндік теория батыс европалық социал-демократияның антипролетарлық тактикалық байламдарына өлтіре соққы берді. Бұл теория халықаралық оппортунизмнің теориясымақтарын, оның халық бұқарасының күшіне сеібеуін, жұмысшы табының ролін төмендетуге ұмтылуын, социалистік революциядан бас тартуын әшкереледі және барлық елдердің пролетарларына капиталистік құлдықтан құтылу жолындағы күрес жолын нұрландырып берді.

«Социал-демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасы» дейтін лениндік еңбектің тарихи маңызы сол, мұнда Ленин партияның III съезінің қарарларын, большевиктердің стратегиясы мен тактикасын негіздеп, түсіндірді, партияның революциядағы теориясы мен тактикасы мәселелері жөнінде меньшевиктердің марксизмге жат ұсақ буржуазияшыл байламдарын идеялық жағынан күл-талқан етті. Ленин Россияның жұмысшы табын буржуазиялық-демократиялық революцияны онан әрі өрістетуге үшін, царизмге шабуыл жасау үшін қаруландырып, орыс марксистеріне буржуазиялық-демократиялық революцияның социалистік революцияға ұласуының қажеттігі туралы анық перспектива берді. Жаңа тарихи жағдайларда марксизмнің негізін қалаушылардың ілімін творчестволықпен дамыта отырып, Ленин орыс пролетариатын ғана емес, сонымен бірге халықаралық пролетариатты да қоғамды

революциялық жолмен өзгерту жолындағы күресте қуатты идеялық қарумен қаруландырды. Лениннің ұлы еңбегі сол, ол бірінші орыс революциясының дамып бара жатқан кезінде буржуазиялық-демократиялық және социалистік революциядағы пролетариатын гегемониясы туралы, жұмысшы табы мен шаруалардың одағы туралы ілім жасады, партияның большевиктік тактикасын, жұмысшы табының тактикасын кеңестерлікпен негіздеп, Коммунистік партияның саяси негіздерін жасап шықты.

Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің негізін қалаушы ұлы Лениннің «Социал-демократияның демократиялық революциядағы екі тактикасы» дейтін еңбегі марксизм-ленинизмге қосылған бағалы үлес болып табылады. Совет Одағы Коммунистік партиясының Ленин негіздеп берген стратегиясы мен тактикасы барлық коммунистік және жұмысшы партиялары үшін зор өнеге ретінде қызмет етеді.

Үш революцияның от-жалынында, елімізді социалистік жолмен өзгерту жолындағы күресте, Ұлы Отан соғысындағы жауынгерлік шайқастарда шыныққан Коммунистік партия кәзір совет халқының коммунизмге қарай бірте-бірте өту жолындағы күресінде сенімді жетекшісі болып келеді.

Орыс жұмысшы табының және СОКП-нің революциялық тәжірибесі, СССР-да социализмнің бүкіл дүниежүзілік-тарихи жеңісі және халықтық демократия елдеріндегі социалистік құрылыстың табыстары капиталистік, отар және тәуелді елдердің еңбекшілерін баянды бейбітшілік, демократия және ұлттық тәуелсіздік жолындағы батыл күреске рухтандыруда, оларға коммунизмнің ұлы ісі жолындағы күресте жеңіске қалай жету керек екендігін үйретуде.

ҚҰРМЕТТІ ҰСТАЗ

Ата-анасы қайтыс болған кезде Маргарита Ивановнаның жасы 18-де еді. Міне, сол бір қиын кезде оның қамқорында 6 жас бала қалды. Олардың ең кішісі екі жаста болатын. 1918 жылғы ауыр кезеңде осы жас жетім балаларға қамқорлық жасау, оларға керекті киім мен азық-түлікті тауып беру Маргарита Ивановнаға өте ауыр тиді.

Бірақ қандай қиындық көрсе де Слезина өзінің бірге туған бауырларының ержетулеріне, оқуларына көмек жасады. Оның мұғалімдік қызметі де осы жылдан басталды.

Алғашқы кезде ол Қазақстанды неше ғасырдан бері мекендеп алған сауатсыздық пен қараңғылықты жою мақсатында қызмет атқарушылардың бірі болып, еңбекшілерді оқытты. Жас кезінен бастап, Маргарита Ивановна мұғалім болуды арман ететін еді. Өйткені оның әкесі мұғалімдерді өте жоғары бағалап, олар туралы қызық әңгімелер айтатын. Дәрігер боламын, инженер боламын дейтін кішкене балаларының сөзін естігенде ақылды қарттың ойланып отырып: «бәрібір, кім болғын келсе де ең әуелі мұғалімге барасың» дейтін сөзі Маргарита Ивановнаға өте ұнайтын.

1920—1922 жылдардағы ауыр күндерде Маргарита Ивановна Федоровск селосында мұғалім болып қызмет істеді. Осы мектепте атақты революционер Рузаев та қызмет атқаратын еді. Рузаев Маргарита Ивановна сияқты жас оқытушыларға халық ұрпағын тәрбиелеуде адал қызмет атқарып, совет өкметінің алім аймақтағы сенімді үгітшілері болулары керектігін үнемі ескертін отыратын. 1922 жылы ақбандалардың Рузаевты өлтіруі кәзіргі Көкшетау облысы еңбекшілерінің совет өкметі дұшпандарына деген өшпенділігін арттыра түсті. Халық өз орталарындағы совет мұғалімдерінің өміріне қамқорлықты оған әрі күшейтті, Федоровск селосын оқытушы Рузаевтың атымен атайтын болды. Бұл оқылға совет халқының мұғалімдерге деген ерекше құрметін тағы да көрсетіп, Маргарита Ивановна мұғалімдік мамандықтың бұрынғыдан жоғары бағалайтын, болды.

Бірнеше жылдан бері селолық жерлерде адал қызмет атқарған Маргарита Ивановна 1925 жылы Петропавл қаласындағы № 4 жетіжылдық мектепке ауыстырылды. Міне, ол содан бері 30 жыл бойына осы мектепте қызмет атқарып келеді.

Осы ширек ғасырдан артық уақыттың ішінде оқытушы оқу-тәрбие жұмысында бай тәжірибеге, халық арасында зор беделге ие болды. Ол оқытқан жастар кәзіргі кезде еліміздің түрлі қалаларында, колхоз, совхоздарында мұғалім, ауыл шаруашылығы мен өндірістің ірі мамандары болып қызмет істейді. Олар кейбір уақытта қарт

сонша, тіпті бірде-бір оқушы қозғалар емес. Бірақ Маргарита Ивановна оқып отырған шығарманың ең қызық тұсына келгенде оқуын тоқтатты да:

—Көне, балалар, ендігі қалғанын келесі сабақта оқыймыз, кімнің сұрағы бар?— деді. Сұрақ қоюдың орнына оқушылардың: «Маргарита Ивановна, тағы да оқыңызшы» деген жалыншты үндері класты жаңғыртып жіберді. Мұғалім оқушылардың бұл тілегін орындамады. Өйткені оқытушының нақ осы сабақтағы мақсаты бір ғана оқушыны бұл пәнге қызықтыру еді...

—Жас мұғалімдер, — дейді Маргарита Ивановна, —оқу жоспарын жақсы білгенмен сабақ берудің алуан түрлі әдістерін әуелде толық меңгере алмай, көп қиындықтарға кездеседі. Олар бізге—қарттарға көмек сұрап, көп келеді. Мұндай жағдайда жас оқытушыға ең оңай бірнеше әдістерді үйрету керек. Олар әсерге тоқсандық немесе жылдық жоспарлар жасауда көп қиындықтарды кездестіріп, қателіктер жібереді. Міне, сондықтан оқу жылы басталар қарсаңда жас мұғалімдердің оқу жоспарларын жасауына тәжірибелері оқытушылар көмектесіп отырулары қажет.

—Жас ұрпақтарды тәрбиелеу ісі оқытушыны кейде қуантады, кейде үлкен ойға салып, ізденуді талап етеді,—дейді қарт оқытушы.

Слезина жолдас мектептегі оқу-тәрбие жұмысының мектеп пен семья арасындағы байланыс жақсы болғанда ғана нәтижелі болатындығын үнемі естен шығармайды. Сондықтан да ол оқытқан клас оқушыларынан үлгермеушілер мен тәртіп бұзушылар сирек кездеседі. Ол өзінің 30 жыл бойына бір мектепте адал қызмет атқаруының арқасында оқушылардың ата-аналарының алдында беделді. Қарт оқытушыны барлық ата-аналар құрметтеп, өздерінің балаларының оқуы мен тәртібі туралы мектепке келіп, біліп тұрады. Маргарита Ивановна өз класының оқушыларының ата-аналарымен тығыз байланыс жасай отырып, олардың өз балаларын тәрбиелеудегі кемшіліктерін қырағылықпен байқап, ескертін отырады.

—Семья тәрбиесі —дейді тәжірибелі мұғалім, —баланың мінез-құлқына, оқуына әсер етеді. Балалардың мектепте нашар оқып, тәртіп бұзуы немесе тәртіпті болуы, жақсы оқуы семьядағы тәрбиеге де тікелей байланысты. Кейбір ата-аналар балалардың жақсы, жаман қылықтардың байлығына бармай жақсы, жаман істерді, сөздерді талғамай үйіне беруге бейім болатынын ескермей, үй-ішінде дөрекі сөздер айтып, орынсыз жанжал шығаруы, семья мүшелерінің маскүнемдікпен шұғылданыуы тіпті жақсы мінез-құлықты балаларға да зиянды әсерін тигізеді. Немесе балаларды үнемі бақылап, тексеріп отырмауы өзі де оқушының жақсы қылықтар

ПРЕЗИДЕНТ ЭЙЗЕНХАУЭРДЕ БОЛҒАН БАСПАСӨЗ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

ВАШИНГТОН, 5 август. (ТАСС). Президент Эйзенхауэр кеше 84-ші рет шақырылған конгресс сессиясы жүргізген жұмысқа қысқаша тоқтай келіп, өзінің баспасөз конференциясын бастады. Эйзенхауэр былай деп көрсетті: сыртқы саясат саласында конгресс сыртқы саясат проблемаларына екі партиялық көзқарасты толығымен қуаттайтынын көрсетті.

Соның жоспарларын алмасуға байланысты Эйзенхауэрдің ұсынысы туралы ССРО Жоғарғы Советінің үшінші сессиясында Н. А. Булганиннің сөйлеген сөзі жөнінде оның пікір айтуын өтінгенде, Эйзенхауэр былай деді: оған мәлім болып отырғанына қарағанда, премьер-министр Булганин, оның пікірі бойынша, қарусыздандыру жөніндегі 10 майдағы совет ұсыныстары өте реалистік ұсыныс болып табылады дегенді ғана айтты.

Президент Эйзенхауэр былай деді: «Мен, оның дәл айтқан сөздеріне қарағанда, оның пікірінше, инспекция жөнінде қағидаларымен қоса алғанда 10 майдағы ұсыныс мен жасаған ұсыныстан гөрі өте реалистік ұсыныс болды деп ойлаймын. Женевада, ресми емес түрде айтқанда, мен былай деп көрсеттім: егер олар инспекцияның бұл сыяқты системасына сенетін болса, онда мұның өзі бізді қанағаттандырады; біз онымен де және өзгесімен де келісеміз. Және міне мен: онысын да, өзгесін де қабылдаймыз деп ұсыныс жасадым».

Президент Эйзенхауэр былай деді: ол Н. А. Булганиннің мәлімдемесін бұл салада келіссөздер жүргізу мүмкіндігін қалдырмастан, Булганин есікті тара жапты дегенді деп бағаламаймын. Ол бұған қоса, Женева кеңесінде бұл проблеманы талқылауға тек негіз ғана салыңды деді.

Премьер-министр Булганиннің сөйлеген сөзіне байланысты сұраққа жауап бере келіп, президент Эйзенхауэр былай деді: төрт державаның Женева кеңесіне қатысушылар мәселелердің азы-көпті кең тобын көтерді, ол мәселелерді төрт сыртқы істер министрлері октябрьде талқылауға тиіс. Ол тағы да қайталап былай деді: премьер-министр Булганиннің мәлімдемесі қарусыздандыру саласындағы бақылау туралы мәселені оған әрі талқылау мүмкіндігін жоққа шығармайды.

Құрама Штаттар қарусыздандыру саласында мүлде жаңа программаны талқылауға тапсырмақшы болып отыр деген хабарды растаңызшы деген өтінішке Эйзенхауэр былай деді: үкмет бұл проблема жөнінде ұдайы жұмыс істеуде және бұл салада қайсы бір жаңа идеялар үнемі туып отырады. Ол бұған қоса, өзінің Женевада жасаған ұсынысы тек бастама ғана еді және қандай болса да жаңа ұсыныстар тапсырылады деп күтуге болады, бірақ ол ұсыныстардың бірде-бір түпкілікті ұсыныс ретінде қарамауы керек.

Атом қуатын бейбіт мақсаттарға пайдалану жөніндегі халықаралық конференцияның ашылуы алдында

ЖЕНЕВА, 6 август (ТАСС). Бүгін Женевада Ұлттар сарайында атом қуатын бейбіт мақсаттарға пайдалану жөніндегі халықаралық конференцияның бас секретары профессор У. Уитмэнде (АҚШ) баспасөз конференциясы болып өтті.

Уитмэн конференция бас ассамблеяның IX сессиясының 1954 жылғы 4 декабрьдегі қарарына сәйкес шақырылып отыр деді. Осы қарарға сәйкес 1954 жылдың аяғында консультативтік комитет құрылған болатын, оның құрамына 6 елдің: АҚШ-тың, ССР Одағының, Англияның, Францияның, Канаданың және Индияның өкілдері кірген. Комитет 8 августа ашылатын конференцияны әзірлеумен және ұйымдастырумен шұғылданған.

Уитмэн былай деп атап көрсетті: бұл комитеттің барлық жұмысы ынтымақ рухында жүргізілді және конференцияға қатысушы елдер тарапынан ұдайы зор қуаттауға кездесіп отырды. Бас секретарь мұнымен бірге конференцияны әзірлеуге қатысқан ғылыми сарапшылардың әзірлік дәрежесі жоғары екендігін атап көрсетті.

Бас секретарь айта болатын конференцияның негізгі идеясы: «атом қуаты

адамзатқа қызмет ететін болсын» деген ұран екендігін атап көрсетті.

Конференцияның бас секретарының орынбасары профессор В. С. Вавилов (ССРО) конференцияға қатысудың әрістелілуі оны әзірлеген адамдардың барлық күткенінен асып түсті деді. Конференцияның жұмысына 1260 делегация мүшелері және 800 шолушы қатысатын болады. Ғылыми материалдар ретінде конференцияға әртүрлі елдердің ғалымдарының 1500-ден аса еңбегі тапсырылады.

Конференция кезінде конференция жүріп жатқан ұлттар сарайының үйінде де, оның шегінен тысқары жерде де көрмелер ашылатын болады. Көптеген делегациялар көрмелерге арналған экспонаттармен бірге ғылыми кинофильмдер ала келді. Мәселен, атап айтқанда, совет делегациясы ССРО-дағы атом электр станциясының жұмысы туралы фильм көрсетеді.

Бұдан кейін сөз сөйлеген секретариат мүшелері қатысқан журналистерге конференция кезінде әртүрлі сессиялардың жұмысы қалайша ұйымдастырылатыны туралы айтты.

Хиросимада атом және сутегі қаруларына тыйым салу жолындағы халықаралық конференцияның ашылуы

ТОКИО, 6 август (ТАСС). Бүгін Жапонияның Хиросима қаласында атом және сутегі қаруларына тыйым салу жолындағы халықаралық конференция ашылды. Жапон жұртшылығының инициативасы бойынша шақырылған бұл конференция 1945 жылғы 6 августа адамзат тарихында тұңғыш рет атоммен бомбалаудың құрбандығы болған және өзінің трагедиясы жер шарындағы барлық адамдарды жаппай қырғынға ұшыратудың осы көзсіз қаруына қарсы күреске көтерген қаланың дәл өзінде өткізіліп жатыр.

Хиросимадағы конференцияға 3 мыңдай делегат келді, олардың ішінде жапон халқының барлық топтарының өкілдері, сол сыяқты Азияның, Еуропаның және Американың көптеген елдерінің делегаттары бар. Атап айтқанда, Совет Одағының, Қытай Халық Республикасының, Польшаның, Румынияның және Герман Демократиялық Республикасының қоғамдық ұйымдары осы конференцияға өз делегацияларын жіберді. Делегаттардың арасында бүкіл дүние жүзілік бейбітшілік Советінің, демократияның жастардың бүкіл дүниежүзілік федерациясының, бейбітшілік және бостандық жолындағы күрестің халықаралық әйелдер лигасының және басқалардың өкілдері бар.

Штаттардан келген делегаттар, бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің және басқалардың өкілдері бар, барлығы 51 адам.

Конференцияның алғашқы күні оның председателдері болып Жапонияның 5 өкілі, оның ішінде Хиросима қаласының бұрынғы мәрі Синдзо Хамаи, парламенттің төменгі палатасының мүшесі Акиро Кадзэми, қоғамдық қайраткер Иосио Накано сайланды.

Конференцияны ашып, атом қаруына тыйым салу жолында қол қойдыруды ұйымдастыратын Жапонияның ұлттық Советінің председатели профессор Каору Ясуи бұл қозғалыстың Жапонияда және басқа елдерде өркендегені туралы баяндады.

Бұдан кейін конференцияда оның атына Жапонияның премьер-министрі Хатоямадан, Новель сыйлығының лауреаты жапон физигі Хидаки Юкавадан келген арнаулы құттықтаулар, сол сыяқты шетелдердегі бейбітшілікті жақтаушылар ұйымдарынан келген толып жатқан арнаулы хаттар жарияланды.

Күндізгі мәжілісте шетелдердің, олардың ішінде Польшаның, Индияның, АҚШ-тың, Францияның және басқаларының қоғамдық ұйымдарының 11 өкілі сөз сөйледі, олар өз халықтарының бейбітшілік жолындағы күресін білдірді.

3. ФОРДЫҢ ҰЛТТЫҚ ЖЫЙНАЛЫСТАҒЫ МӘЛІМДЕМЕСІ

ПАРИЖ, 5 август. (ТАСС). Ұлттық жыйналыстың бүгінгі мәжілісінде Француз үкметінің басшысы Эдгар Фор жалпы саясат мәселелері жөнінде мәлімдеме жасады.

Әуелі үкметтің экономика саласындағы саясатының нәтижелеріне тоқтай келіп, Фор одан кейін сыртқы саясат проблемаларына көшті. Француз үкметі, деп мәлімдеді Фор, сыртқы саясатты екі бағытта: «хауіпсіздікті ұйымдастыру» бағытында және халықаралық шиеленісті бейтандыруді қамтамасыз ету бағытында жүргізіп келді және жүргізіп отыр. Осыған байланысты Фор төрт держава үкметі басшыларының Женева кеңесінің қорытындыларына тоқталды.

Бұл кездесу төрт держава үкметінің басшыларына және олардың сыртқы істер министрлеріне өздерінің арасында тікелей байланыстар орнатуға және «ізгі ниетті келіссөздер» жүргізуге мүмкіндік бергенін атап көрсетіп, Фор бұл алғашқы келіссөздердің нәтижелері үкмет басшыларының өздерінің сыртқы істер министрлеріне берген директиваларында ғана білдіріліп қоймағанын ерекше атап көрсетті. Женева кеңесінің күн тәртібінің барлық пункттері жөнінде кәзірдің өзінде-ақ прогреске қол жетті, деп мәлімдеді Фор. «Атап айтқанда, Еуропаға арналған немесе Еуропаның бір бөлігіне арналған хауіпсіздік жоспарының қолайлы екені танылды, ол жоспар күш көрсетпеу міндеттемесі, Германияны қайта қосу проблемасы мен хауіпсіздік проблемасының арасындағы байланыс, бұл қайта қосуға кірісу қажеттілігі, Женевада болған төрт державаның бұл жөнінде өздеріне алатын ортақ жауапкерлігі болу міндеттемесін; нашар дамытылған аудандардың экономикалық және әлеуметтік жағынан дамыту үшін орасан көп ресурстарды босата алатын қарусыздандыру программасын жасау тілегін; Шығыс пен Батыстың арасындағы қатынастарды дамытып, жеңілдетуді көздеді.

Бұл проблемалардың бәрі, —деді одан әрі Фор, шешілмегені сөзсіз, бірақ қандай проблема болса да елеусіз қалдырылмады. Осы әртүрлі пункттер жөнінде нақты шешім табу үшін Женева кеңесі басқа дәрежеде жүргізіле беретін болады. Бұл кеңес кәзір де жүргізілуде. Кәзіргі уақытта американ үкметі мен Қытай Халық Республикасының өкілдері арасында кездесу болып жатыр. Маршал Булганин мен Хрущев Великобританияға келуге ресми түрде шақырылды. Пинэ мен екеуіміз Москвада болатын келіссөздерге қатысуға Совет үкметінен шақыру алдық.

Біз бұл шақыруды қабылдауға және октябрьдің басында баруға келістік».

БОСНИЯ МЕН ГЕРЦЕГОВИНАДА ӨНЕРКӘСІПТІҢ ӨРКЕНДЕУІ

ұстадан жұмыстарындағы, өмірлеріндегі кездескен қиыншылықтарды қалай жеңу туралы кеңес сұрай отырады.

Өткен оқу жылында бір жас оқытушы Маргарита Ивановнаға келіп, өзі оқытып жүрген оқушылардың ішінде оқу пәнінен үлгермей жүрген бір оқушыға осы сабақтан қалай үлгертуге болады деген сұрақ қойды. Бұл сөзге айының бас кезі болатын. Жас оқытушының өз мамандығын шексіз сүйетіндігіне көзі жетіп сүйсінген Маргарита Ивановна оған былай деді:

—Мұндай қиындықтар жиі кездеседі. Әдетте, кейбір оқушылар бір пәнді жақсы көреді. Сол пәннен өте жақсы үлгереді. Сонымен қатар кейбір пәннен үлгермейді. Мұндай жағдайда оқушыға сол үлгермейтін пәнін жақсы көріп кететіндей әдіс қолдану керек. Сенің айтып отырған оқушың сыяқты менің класымда да бір оқушы бар. Ол оқушының мінез-құлқын бірнеше күннен бері зерттедім. Енді көзіңді сабағымды сол оқушыны оқу пәніне ерекше көңіл бөлетіндей етіп, үйретуге арнап отырмын. Сен менімен бірге барып, сабаққа қатыс.

Үйге берілген тапсырманы тексеріп болғаннан кейін Маргарита Ивановна оқушыларына бүгінгі өтетін тақырып туралы айтып шықты да, ол шығарманы өзі кітаптан оқып беруге кірісті. Оқытушы оқып отырған тақырыптың қызықтығы

істеп, сабақ оқуға жалқау болып кетуінің себебі болады.

Маргарита Ивановна тек оқушылардың ғана емес сонымен қатар ата-аналардың да тәрбиешісі. Кейбір қарттардың өз балаларын тәрбиелеудегі кемшіліктерін тексеріп, біліп алып, ондай ата-аналарға ескерткілер жасап отырады.

Қарт оқытушының жас ұрпақтарды тәрбиелеуге жұмсаған ұзақ жылдар бойындағы үлкен еңбегін үкмет пен партия аса жоғары бағалады. 1946 жылы ол «Құрмет белгісі» орденімен, 1949 жылы Ленин орденімен наградалды. Ал үстіміздегі жылы Маргарита Ивановна тағы да бір зор қуанышқа бөленді. Қарт ұстазға «Қазақ ССР-нің еңбегі сіңген мұғалімі» деген құрметті атақ берілді.

Осы наградаларды алған кездерде Маргарита Ивановнаға еліміздің алыс түшкерлерінен, орталық қалаларынан, колхоздар мен совхоздардан келген өзінің бұрынғы оқушыларының—бүгінгі еңбек адамдарының телеграммалары мен хаттары оны жас ұрпақтарды тәрбиелеу ісіне онан сайын жігерлендіре түсті. Ол телеграммалар мен хаттарда қарт ұстазға оның әлі де көпжылдар қызмет істеп, денінің сау болуына тілектестік білдірген сөздер бар.

—Жас ұрпақтарды тәрбиелеу жолында күш-жігерімді аямай жұмсаймын,—дейді қарт ұстаз бұл құрметке жауап ретінде.

В. МҰСАХАНОВ.

Оқу жылына толық әзірленген мектеп

Тоқшын орта мектебінде (Полудень ауданы) быйылғы оқу жылында 700-ден аса балалар оқиды. Мектепте жазіргі кезде жаңа оқу жылына әзірлену ісі мезгілінде және сапалы аяқталып отыр. Көзір мектепке қысқы отын толық әзірленді. Мұнда 115 текшеметр ағаш, 500 текшеметр көмір сатылып алынған. Сондай-ақ мектеп мұғалімдерін де отынмен қамтамасыз ету ісі ойдағыдай аяқталды.

Мұғалімдер үшін 80 текшеметр отын тасылып берілді.

Мектептің оқу-материалдық базасы нығайтылып, мұндағы парталар мен столдар жөндеуден өткізілді. Бұл жұмыстарды ұйымдастыруда мектеп коллективі айтарлықтай жұмыстар істеді.

В. ЖАҚЫПОВ,
(Өз тілшіміз).

Салқын қараушылықтың салдары

Буденный атындағы совхоздың №3 фермасында (Преснов ауданы) үстіміздегі жылы радиоторабы орнатылып, жұмысшылардың үйлеріне радиочкалары енгізілген еді. Радиоторабы бір аптадай жұмыс істеді де тоқтап қалды.

—Радиоторабы қашан жұмыс істемек,—деген жұмысшылар сұрағына ферма басқарушысы Ю. Черный «ертең, бүгін» деп жүре жауап берді. Ал кейінгі кезде:

—Жетіспегені радио болса ештеңе етпес, басқасын реттеп алайық,—дегенді шығарды.

Совхоз басшыларының жұмысшылардың мәдени қажетін өтеуге салқын қарайтындығының фактісі жалғыз бұл емес. Фермада клуб жоқ болғандықтан жұмысшылардың концерттер тыңдап, бос уақыттарын көңілді өткізу мүмкіншілігі мүлде аз. Үстіміздегі жылдың өзгешілігі ішінде не бары екі-ақ рет кино көрсетілді.

Еңбекшілердің мәдени қажетін өтеуді дұрыс ұйымдастыру—совхоз басшыларының аса құрметті міндеті. Мұны олар ертен шығармауға тиіс.

С. СЕРІКБАЕВ.

Көзір Женевада жүргізіліп жатқан қытай-американ келіссөздерінің сыйпатына баға беріліпті деген өтінішке Эйзенхауэр былай деді: бұл келіссөздер азаматтарды босату туралы мәселені қамтыды және Құрама Штаттар өздерінің достарына байланысы бар мәселелерді, ол достар жоқ жерде талқылағысы келмейді.

Қытай мен Құрама Штаттар арасында ең жоғары дәрежелі келіссөздер жүргізудің мүмкіндігі туралы сұраққа Эйзенхауэр былай деді: көзір ең жоғары дәрежедегі кеңес туралы және Женевада жүргізіліп жатқан қытай-американ келіссөздерінің нәтижелері туралы айту өте ерте болады. Эйзенхауэр былай деп атап көрсетті: мемлекеттік секретарь Даллестің көрсеткеніндей, қазіргі қытай-американ келіссөздері ең жоғары дәрежедегі кеңеске емес, министрлер кеңесіне жеткізуі мүмкін.

БОЛГАРИЯДА ТЕМІРЖОЛШЫ КҮНІ

СОФИЯ, 6 август. (ТАСС). Болгария еңбекшілері 7 августа теміржолшы күнін атап өтті.

Елдің темір жол транспорты елеулі табыстарға жетті. Өткен жылы тасылған жүк 1950 жылдағыдан біржарым есе артық болды. Темір жол тасымалының жоспары 1954 жылы 101,8 процент, 1955 жылдың бірінші жартысында — 100,4 процент орындалды.

Болгар Коммунистік партиясы мен халық үкметі теміржолшылардың материалдық әл-ауқаты жөнінде зор қамқорлық көрсетуде. 1954 жылы теміржолшыларға арналған 542 тұрғын үй салуда. Быйылғы жылы тағы да 213 үй салынады.

16 мыңнан аса теміржолшылар мен семья мүшелері жыл сайын өздерінің демалыстарын демалыс үйлерінде өткізеді. Спортта екі мәдениет үйі, үш клуб, 59 қызыл мүйіз және 8 кинотеатр ұйымдастырылды.

Халық республикасының халықтық жыйналысының президиумы теміржолшы күні құрметіне темір жол транспортының озаттарын республиканың ордендерімен және медальдарымен наградалап, темір жол транспортының көптен бергі қызметкерлеріне «құрметті теміржолшы» атағын берді.

КЕМЕ ҚАТЫНАСЫНЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ ВЕНГРИЯ-ЮГОСЛАВИЯ КЕЛІСІМІ

БУДАПЕШТ, (ТАСС). Венгер телеграф агенттігінің хабарына қарағанда, кеше Венгрия-Югославия келіссөздері аяқталып, соның нәтижесінде екі елдің пароходстволары арасында кемелерге жәрдемдесу және өзара көмектесу туралы келісім жасалған.

Конференция ашылар алдында, ертеңгі сағат 8-де, яғни бұдан 10 жыл бұрын Хиросиманың үстінде тұңғыш атом бомбасы жарылған уақыттың дәл өзінде, бейбітшілік паркінде жарылу орталығына жақын жерде атоммен бомбалаудың құрбандықтарын еске түсіруге және атом, сутегі қаруларына тыйым салу жолындағы халықаралық конференцияның ашылуына арналған көп адам қатысқан митинг болып өтті.

Конференцияның бірінші мәжілісінде делегаттар президиум сайлады, оның құрамында жапон өкілдері Хиоэ Оуци, Тецу Катаяма, бейбітшілік жолындағы белгілі жапон күрескері Икуо Ояма, сол сыяқты шетелдерден—Совет Одағынан, Құрама

лында, атом және сутегі қаруларына тыйым салу жолында күресуге бел байлап отырғаны туралы айтты. Мәжілісте Жапониядан Нагасаки префектурасының өкілі Әйел Мисако Ямагуци және басқалары сөз сөйледі.

Мәжіліс аяқталғаннан кейін бүгін бейбітшілік паркінде көп адам қатысқан бейбітшілікті қорғау митингісі болып өтті, оған конференцияның делегаттары және Хиросима қаласының тұрғындары қатысты.

Бейбітшілік паркіндегі атоммен бомбалаудың құрбандықтарына салынған ескерткіштің төменгі жағына делегаттар мен қала тұрғындары жас гүлдерден көптеген венюктар қойды.

АЗАМАТТАРДЫҢ ЕСІНЕ! ССРО САУДА МИНИСТРЛІГІНІҢ СВЕРДЛОВСКІДЕГІ «СОЮЗПОСЫЛТОРГ» БАЗАСЫ

Азаматтардың жеке заказдары бойынша мына товарларды почта арқылы посылкамен жібереді:

- ГАРМОНЬДАР —6 планкалы 25x25. құтысыз хромка гармоны —539 сом.
— — — — — Осы сыяқты гармонь құтысымен —587 сом
АККАРДИОНДАР —Калуға фабрикасы жасап шығарған 34x80 аккардионы құтысымен —1651 сом.
СКРИПКАЛАР —1/4 және 2/4 мөлшерлі смычканы үйрену скрипкасы —125 сом
— — — — — 3/4 мөлшерлі смычкалы осындай скрипка —132 сом.
— — — — — Оркестр үшін қылды скрипка —195 сом.
МОНДАЛИНДЕР —Сопачіқа мондалин —87 сом.
— — — — — Жалпақ мондалин —74 сом
ГИТАРА —Аэрограф —104 сом.
БАЛАЛАЙКА —Үш қылды —73 сом.
ПАТЕФОН —Портативті ПГ—3—285 сом.

РАДИОҚАБЫЛДАҒЫШ-Антенналы және электр қуатын сеттен алатын тарт тарт лампалы Москвич —238 сом 90 тыйн.
ТАР —Электр қуатын батареядан алатын және антенналы, екі лампалы Тула радиоқабылдағышы —186 сом 20 тыйын.

РЕПРОДУКТОР—Динамикалы Север репродукторы —57 сом 60 тыйын.
ФОТОАППАРАТТАР—Жарық күші 1:3,5 Тар пленкалы «Зоркий» —736 сом
Жарық күші 1:2 Экспонетрімен «Киев—3» —2404 сом.
Жарық күші 1:4,5 «Смена» —275 сом.
Кең пленкалы жарық күші 1:4,5 «Любитель» —143 сом.
Тар пленкалы аппараттар үшін ПУ—2 ұлғайтқыш 293 сом.

Сол сыяқты патефондар үшін мембраналар мен бұрағыш-пружиналар, ртүрлі радио лампалары, антенналар, суретке түсіретін пленкалар мен қағаздар және басқа товарлар, ерлер мен әйелдердің велосипедтері және мотоцикл дөңгелектері, сурет салатын майлы бояулар, мектеп готовальнилері және басқа товарлар сатылады.

Барлық товарлардың бөлшек сауда бағасы және оларды жөнелту шарттары «Союзпосылторгтың» прейскуранттарында көрсетілген, прейскуранттарды барлық почта бөлімшелерінен сұрап алуға болады.

Жоғарыда көрсетілген товарлар олардың құны почта арқылы толық алынғаннан кейін ғана жіберіледі.

Ақша жібергенде почта бланкесінің талонына ақша жіберуші өзінің фамилиясын, атын және әкесінің атын, адресін толық және дұрыстап жазып жіберуі керек.

Ақшаны почта арқылы мына адреске жіберуге болады: Свердловск қаласы, Решетников көшесі, № 23 «Союзпосылторг». Посылкамен жіберілетін сауда қызметімен пайдаланыңыздар.

мен Герцеговина халық республикасы—өткен кезде Югославияның экономикалық жағынан өте артта қалған облысы —соғыстан кейінгі 10 жылда өнеркәсіпті өркендетуге елеулі табыстарға жетті.

«Народна армия» газетінің хабарлауына қарағанда, көзір Босния мен Герцеговинада 6 миллион тоннадан аса көмір өндіріледі, мұның өзі елде жалпы өндірілген көмірдің 40 проценті шамасында болады. Вареш темір руда бассейні шегі-зінде «Зенице» ірі металлургия комбинаты салынды.

Редактордың міндетін уақытша атқарушы **С. ТЕМІРХАНОВ.**

Киноларда

«УДАРНИК» кинотеатрында

«ЛЯНА»

Сеанстар кешкі 5, 6-50, 8-40 және 10-30-да басталады.

«ОКТЯБРЬ» кинотеатрында

«МАХАББАТ ШАҒЫ»

Сеанстар кешкі 5, 6-50, 8-40 және 10-30-да басталады.

Петропавлдың жүк тиеу мекемесіне түпкілікті жұмысқа және уақытша жұмысқа Петропавл, Мамлютка, Булаево станцияларындағы жүк тиеу пункттерінде жұмыс істеу үшін жүк тиеуші жұмысшылар КЕРЕК.

Еңбekaқы істеген жұмысына қарай төленеді.

Сол сыяқты Петропавл станциясындағы жүк тиеу пунктіне ағаш жонушылар КЕРЕК.

Жұмысқа қабылданғандар отын мен және кезекті демалыстары кезінде жолда жүру үшін тегін темір жол билетімен қамтамасыз етіледі.

Жұмысқа қабылдау тәртібі жөнінде Петропавл, Мамлют және Булаево станцияларының жүк тиеу пункттеріне келіп түсінік алуға болады.

Сауда-кооператив мектебіне Оқушылар үшін пәтер үй КЕРЕК.

Жалға үй беремін деушілердің Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 64-үйге келіп жолығуларына болады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор —1-86, редактордың орынбасары—1-59, секретариат —1-33, партия және насихат бөлімдері —0-22, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп-транспорт бөлімдері —2-36, мәдениет-тұрмыс, хабар және тілшілер бөлімдері —3-39, корректорлар бюросы —4-39, газет баспасы—5-53, газет табыс етілмесе 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.